

Қазақстан Республикасының Орман кодексі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Кодексі.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болу үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

Мазмұны

Ескерту. Мазмұны алып тасталды – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап колданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша:

"(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздер ", республикалық маңызы бар қалалардың, астананың" деген сөздермен;

"мемлекет қажеттіктері үшін", "мемлекет қажетіне", "мемлекет қажеті үшін" деген сөздер "мемлекет мұқтажы үшін" деген сөздермен;

"мәдени-сауықтыру, рекреациялық" деген сөздер "сауықтыру, рекреациялық, тарихи- мәдени" деген сөздермен;

"Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне", "Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісінде", "Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісіне" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Жер кодексіне", "Қазақстан Республикасының Жер кодексінде" деген сөздермен;

"облыстық атқарушы орган", "облыстық өкілді органдардың", "облыстық атқарушы органдар", "облыстық атқарушы органның", "Облыстық атқарушы органның", "облыстың жергілікті атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстық өкілді органның" және "облыстық атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстық өкілді орган" деген сөздер тиісінше "облыстың жергілікті атқарушы органы", "облыстың жергілікті атқарушы органымен", "облыстың жергілікті өкілді органның", "облыстың жергілікті атқарушы органдары", "облыстың жергілікті атқарушы органының", "Облыстың жергілікті атқарушы органның", "облыстың жергілікті атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстың жергілікті өкілді органның" және "облыстың жергілікті атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстың жергілікті өкілді органы" деген сөздермен;

"мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен", "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен", "Бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен;

"жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" деген сөздер "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы" деген

сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "саябақтарға", "саябақтар", "табиғи саябақ", "саябақтардың" деген сөздер тиісінше "парктерге", "парктер", "табиғи парктер", "парктердің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тaraу. Негізгі ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының орман заңдары

1. Қазақстан Республикасының орман заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Өсімдіктер (ормандардан басқа) мен жануарлар дүниесін, су объектілерін, жер қойнауын, жерді, атмосфералық ауаны, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-бап. Осы Кодекспен реттелетін қатынастар

1. Осы Кодекс орман қорын иелену, пайдалану, оған билік ету жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ орман қорын күзетудің, қорғаудың, молықтырудың, оның экологиялық және ресурстық әлеуетін көтерудің, оны ұтымды пайдаланудың құқықтық негіздерін белгілейді.

2. Орман құқығы қатынастарын реттеу орман биосфераның ғаламдық экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәні бар аса маңызды компоненттерінің бірі болып табылатыны негізге алына отырып жүзеге асырылады.

3-бап. Қазақстан Республикасы орман заңдарының принциптері

Қазақстан Республикасының орман заңдары:

1) ормандардың климатты реттейтін, орта түзетін, егіс-топырақ қорғау, су сақтау және санитарлық-гигиеналық функцияларды орындастын жалпы мемлекеттік мәнін мойындау;

2) ормандарды тұрақты дамыту (Қазақстан Республикасының орманды аумақтарын тұрақты ұлғайту);

3) ормандардың, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің, мәдени және табиғи мұраның биологиялық әралуандығын сақтау;

4) ормандарды көп мақсатқа пайдалану;

5) орман ресурстарын ұтымды, үздіксіз, сарқылмайтындей етіп пайдалану;

6) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалау;

7) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзудан келтірілген залалдың орнын толтыру;

9) орман ресурстарын ақылы пайдалану;

10) орман қорының жай-күйі туралы ақпараттың қол жетімділігі;

11) халықтың және қоғамдық бірлестіктердің орман қорын күзетуге және қорғауға қатысу принциптеріне негізделеді.

Ескерту. З-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агрорман-мелиорациялық екпе – ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз табиғи факторлардың әсерін азайтуға мүмкіндік беретін қорғаныштық орман екпесі;

2) ағаш және бұта тұқымдыларының селекциясы (орман селекциясы) – шаруашылық және өзге де құндылығы бар орман тұқымдыларының түрлері мен сорттарын табиғи популяция арқылы іріктеу немесе қолдан өсіру жөніндегі іс-шаралар кешені;

3) ағашы кесілген жер – екпе ағашы кесіп алынған, ал орманның жаңа түптері әлі көтеріле қоймаған орман алаңы;

4) ағаштың заңсыз кесілуі – Қазақстан Республикасының орман қорында ағаштар мен бұталарды, оның ішінде табиғи, антропогендік және техногендік факторлардың салдарынан зақымданған және жойылған ағаштар мен бұталарды: ағаш кесу билетінсіз; ағаш кесу билеті бойынша мемлекеттік орман қоры участкерінде ағаш кесу қағидаларын бұзып, ағаш кесу билетінде белгіленген мерзімдерді сақтамай кесу; есепті кеспеағаш аймағынан асып түсетін мөлшерде кесу;

5) алаңқай жерлер – ағашы жоқ, бірақ орман өсімдіктерінің элементтері сақталған орман алаңы;

6) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу – орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу, іріктеп санитариялық мақсатта ағаш кесу, құндылығы төмен орман

екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларынан айырылған екпелерді қайта жаңғыртуға байланысты кесу, жекелеген талшыбықтарды кесу;

7) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер – өнеркәсіптік, энергетикалық, тағамдық және өзге де мақсаттар үшін қолдан өсірілетін екпелер;

8) артықшылығы бар ағаш – дәл сондай орман өсіру жағдайларында өзімен қатар өсіп тұрған, өзімен бір жастағы және бірдей фенологиялық нысандағы айналасындағы ағаштардан бір немесе бірнеше шаруашылық жағынан құндылық белгілері мен қасиеттері бойынша айтартықтай асып түсетін ағаш;

9) артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрагаттары – артықшылығы бар ағаштардың гендік қорын сақтау және тұқым қуалау қасиеттерін зерттеу мақсатында олардың вегетативтік тұқымдарын пайдалану арқылы өсірілген екпелер;

10) артықшылығы бар екпе – орман өсірудің белгілі бір жағдайларында өнімділігі жоғары және тұрақты екпе;

11) аса құнды орман алқаптары – тұқымдық құрамы бойынша сирек кездесетін және эндемиктік тұқымдар бар бірегей орман; өнімділігі мен гендік сапасы бойынша бірегей ормандар; күрделі табиғи жағдайларда маңызды қорғаныштық функциялар орындаитын ормандар;

12) аэрофототүсірілім – жер иеліктерінің шекарасын картаға түсіру, анықтау; қоршаған ортаны зерттеу мен оның мониторингі үшін аэрофотосуреттерді пайдалану мақсатында аэрофотоаппараттың көмегімен әуе кемелерінен және басқа да ұшу аппараттарынан аумакты фотосуретке түсіру;

13) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу - сүрек дайындау үшін толысқан және қураған сүрекдіндерді кесу;

14) биологиялық әралуандық – түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы әртүрлілік пен экологиялық жүйелердің әртүрлілігін қамтитын, барлық көздерден, оның ішінде өздері бір бөлігі болып табылатын жердегі, теңіздегі және өзге де су экологиялық жүйелері мен экологиялық кешендерден тірі организмдердің өзгермелілігі;

15) биоценоз - белгілі бір, салыстырмалы түрде біртекті жер участесін немесе су айдыны участесін мекендейтін және өзара қарым-қатынастағы өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің жиынтығы;

16) гендік қор - дарактардың бір тобы гендерінің (популяциялардың, популяциялар тобының немесе түрлердің) олардың белгілі бір ұшырасу жиілігімен сипатталатын шектегі жиынтығы;

17) географиялық дақылдар - жаңа жағдайларда сынақтан өткізу мақсатымен бірнеше экотиптердің (климатиптердің) неғұрлым тән популяцияларының тұқымдық ұрығынан арнаулы әдістемелер бойынша өсірілетін тәжірибелік дақылдар;

18) дериват – туынды өсімдік және одан немесе оның туындысынан жасалған өнім;

19) зияндылықтың экономикалық шегі - орман ресурстарына келтірілген залал құны бойынша осы зиянкестермен құресуге жұмсалатын шығыннан артып кететін орман зиянкестерінің тығыздығы;

20) кемістігі бар екпе - орман өсірудің белгілі бір жағдайлары үшін шығымдылығы төмен және сапасы нашар екпе;

21) кеспеағаш аймағы - ағаш кесудің барлық түрлері үшін бөлінген немесе ағаштары кесілу сатысындағы орман участкесі;

22) кеспеағаш аймағын бөлу - шекараны нақтылы және кеспеағаштарды таксациялай отырып айқындау, кесуге жатқызылған ағаштарға белгі соғу, кеспеағаш аймағында есепке алынған сүректерді заттай және ақшалай бағалау жөніндегі іс-шаралар;

23) кеспеағаш аймағынан тыс қоқыс - кеспеағаш аймағынан тыс жерде жатқан және өнеркәсіптік мақсаттарда дайындалмайтын ағаштың (діндердің және бұтактардың) табиғи құлап, үзіліп түсуі;

24) кесу жасы - сүрекдіндердің толыса бастаған санатынан толысқан санатына өтуден басталатын және басты пайдалану мақсатында кесуге болатын жасы;

25) кесілмеген ағаш – кесуге арналған, бірақ ағаш кесу билетінде көзделген мерзімде кесілмеген орман ағаштары немесе участкелері;

26) қала ормандары – қалалық елді мекеннің шекарасында өсетін және мемлекеттік орман қоры құрамына енетін, негізінен санитариялық-гигиеналық және рекреациялық функцияларды орындайтын табиғи және (немесе) қолдан өсірілген екпелер;

27) қалыпты екпе – орман өсірудің белгілі бір жағдайында өнімділігі жоғары және орташа, сапасы жақсы және орташа екпе;

28) қосалқы сүрек ресурстары (материалдары) (бұдан әрі - қосалқы сүрек ресурстары) – ағаштар мен бұталардың қабықтары, бұтактары, томарлары, тамырлары, жапырақтары, бүршіктегі;

29) мемлекеттік орман қоры алқабы – орман орналастыру кезінде орман қорын мемлекеттік есепке алу, арнайы картага түсіру және орман шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау мақсатында мемлекеттік орман қоры құрамында бөлінетін жер участкелері;

30) мемлекеттік орман қорының санаты – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлінген мемлекеттік орман қорының ерекше қорғалатын, су сақтау, санитариялық-гигиеналық, рекреациялық, ғылыми немесе өзге де арнайы мақсаттағы, аумағында орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдаланудың ерекше режимі белгіленген бір бөлігі;

31) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

32) орман – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын, қоршаған

ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен;

33) орман аурулары – қоршаған ортаның қолайсыз факторларынан немесе ауру өсімдіктерден сау өсімдіктерге берілетін организмдерден туындастын және өсімдіктер құрылышының өзгеруіне немесе олардың құрып кетуіне әкеп соқтыратын патологиялық процестер;

34) орман дақылдары – орманның ағаш және бұта тұқымдыларынан қолдан өсірілген екпелер;

35) орман дақылдарының қоры – орман көмкермен жерлер (ағашы кесілген орындар, өртендер, алаңқайлар, селдір ормандар) және ормандануы орманды қолдан өсіру арқылы ғана мүмкін болатын ормансыз жерлер;

36) орман зиянкестері – орман екпелерін зақымдайтын организмдер;

37) орман иелену – орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуі үшін мемлекеттік орман иеленушілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін мемлекеттік орман қоры участекерін иелену және пайдалану құқығы, сондай-ақ жекеше орман иеленушілерге осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілетін жекеше орман қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы;

38) орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры участекері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес жекеше орман қоры участекері меншігінде болатын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес занды тұлғалары;

39) орман қарау аймағы – орманшылық аумағын күзету үшін бір орманшыға бекітіліп берілетін, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен айқындалатын орманшылық аумағының бір бөлігі;

40) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген талаптарға тексерілетін субъектілер қызметінің сәйкес келуі нысанасына оларды тексеру және бақылау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша жедел араласпай-ақ құқық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

40-1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік қадағалау – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатындағы шаралар, оның ішінде жедел дең қою шаралары қолданылуы мүмкін;

41) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

42) орман қорын пайдалану – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген орман пайдалану, сондай-ақ орман қоры аумағындағы жерді, суды және кең таралған пайдалы қазбаларды шаруашылық және өзге де мақсаттарда пайдалану құқығы;

43) орман қорын түгендеу – орман қорының жекелеген участкерінің сандық және сапалық көрсеткіштерін сипаттау, картаға түсіру және анықтау жөніндегі жұмыстар кешені;

44) орман орамы – орман шаруашылығын жүргізуі үйімдастыру үшін қызмет ететін жергілікті жерде орман жолдарымен, табиғи шептермен (өзен жағалаулары, тау жоталары, жолдар және басқалар) шектелген орман қоры аумағының бір бөлігі;

45) орман өрт сөндіру станциясы – орман өрттерінің алдын алу және оларды уақтылы жою жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ететін өртке қарсы қызмет пен техниканы орналастыруға арналған мемлекеттік орман иеленушінің объектісі;

46) орман өсіру – бұрын орман болмаған аумақтарда ағаш екпелерін қолдан отырғызу және өсіру;

47) орман пайдалану – орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет;

48) орман пайдаланушы – осы Кодексте белгіленген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

49) орман питомнігі – орман қоры аумағының ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарды өсіруге арналған участкесі;

50) орман соқпағы – орман орамдарының шекараларын белгілеу немесе өзге мақсаттар үшін ағаш және бұта өсімдіктерінен тазартылып жасалған белдеу;

51) орман телімі – бастапқы орман шаруашылығы есептік бірлігі болып табылатын, орман орамы аумағының таксациялау сипаттамалары, топырақ-типологиялық жағдайлары және шаруашылық маңызы бойынша біртекті бөлігі;

52) орман тұқымы плантациясы – берілген тұқым қуалаушылық қасиеттері және себу сапасы жоғары сорттық, элиталық немесе будан тұқымдарын жүйелі түрде (ұзақ уақыт бойы) алуға арналған артықшылығы бар ағаштардың тұқымды, немесе вегетативтік ұрпағы болып табылатын өсімдіктердің арнаулы генетикалық схема бойынша отырғызылып, қолдан өсірілген екпесі;

53) орман тұқым шаруашылығы – тұқым қуалаушылық қасиеттері құнды және себу сапасы жоғары тұқым алуға бағытталған орман тұқымдарын дайындау, өндіру, сақтау және пайдалану, олардың сапасы мен шығу тегіне бақылау жасау жөніндегі іс-шаралар кешені;

54) орман шаруашылығы – орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман пайдалануды реттеу және оның жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі іс-шараларды қамтитын орман қорын зерттеу және оның есебін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын экономика саласы;

55) орман шаруашылығын жобалау – орман өсімдіктері, агроорман-мелиорациялық, өртке қарсы іс-шараларды, орман және аңшылық шаруашылығы объектілерін салуды жобалау жөніндегі жұмыстардың кешені;

56) орман шаруашылығы жолдары – орман шаруашылығы, өртке қарсы мақсаты бар, орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалануды жүзеге асыру үшін орманды аумактардың қол жетімділігін қамтамасыз ететін орман шаруашылығы объектілері;

57) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – орман мекемесі) – мемлекеттік орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған мекеме;

58) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында басқару, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

59) орман шаруашылығы іс-шаралары – орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөнінде орман орналастыру материалдары негізінде жүргізілетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені;

60) орман шеберінің учаскесі – орманшылық аумағының құрамында екі және одан да көп орман қарау аймағы бар бір орман шеберіне бекітілген және орман шаруашылығы іс-шараларын орындауға арналған бір бөлігі;

61) ормандағы өрт қаупі бар маусым – климат және ауа райы факторларын негізге алғып, орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, облыстық атқарушы орган айқындастырылған, орман өрті шығу қаупі болуы мүмкін күнтізбелік жылдың бір бөлігі;

62) ормандану – ағаш өспеген алқаптарда орманды қолдан өсіру немесе орманның табиғи түрде өсуі;

63) ормандарды күзету – орман өртінің алдын алу және орман өртіне, ағаштың заңсыз кесілуіне және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын басқа да бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

64) орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу – жоғары өнімді және төзімді екпелерді қалыптастыру мақсатында екпелердің арасынан өспей қалған немесе ағаштардың басты тұқымдарының өсуіне кедергі келтіретін ағаштарды жою жолымен жүзеге асырылатын орманды мерзімдік күтіп-баптау;

65) орманның қайта түлеуі – сүрекдіңдер арасында, сондай-ақ ағашы кесілген, өрт шалған және бұрын орман болған басқа да аландарда орманның жаңа түптерінің пайда болуының табиғи процесі;

66) орманды қорғау – орманды орман зиянкестерінен, ауруларынан және табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз факторлар әсерінен қорғау жөнінде жер үстіндегі және авиациялық әдістермен жүзеге асырылатын іс-шаралар жиынтығы;

67) орманды молықтыру – орман ағаштарын отырғызуға немесе орманды күтіп-баптау және оны сауықтыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, бұрынғы орманды аландарды табиғи түрде қайта жаңғыртуға ықпал ететін шаралар жүргізу;

68) орманды (кеспеағаш аймағын) таксациялау – орман ресурстарының, соның ішінде кесу көзделетін екпе ағаштардың сапалық және сандық сипаттамаларын анықтау, есепке алу, бағалау жөніндегі іс-шаралар;

69) орманды өнір – қандай да бір аумақта орман басқан жерлердің оның жалпы алаңына орман өскен жердің арақатынасы арқылы анықталып, пайызben белгіленетін дәрежесі;

70) орманның аса қауіпті зиянкестері – жаппай көбейіп, таралатын, сөйтіп ормандарға зияндылықтың экономикалық шегінен асып кететін залал келтіретін зиянкес организмдер;

71) орманның генетикалық резерваты – өсімдіктер түрі, түр тармағы популяциясының генетикалық-селекциялық түрғыдан құнды бөлігі бар орман участесі;

72) орманның жинақталмаған ағаштары – қолдан өсірілген (себілген немесе отырғызылған), бірақ орманды алқаптарға көшірілмеген ағаштар;

73) орманның санитариялық жай-күйі – қоқыстанған, солып қалған және қураган ағаштардың болуы, зиянкестер санының және орман аурулары таралуының қарқыны, орманның жай-күйіне кері әсер ететін басқа да жағымсыз факторлар туралы мәліметтерді қамтитын орман жай-күйінің сипаттамасы;

74) орманшылық – орман иеленушінің өз шекарасында орналасқан, орман шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау мен орындауға, орман пайдалану көлемін есептеуге арналған құрылымдық бөлімшесі;

74-1) орманның экологиялық жүйелік қызметтері (бұдан әрі – орманның экожүйелік қызметтері) – орман қоры аумағында және оған іргелес жатқан участеклерде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, пайдалы қасиеттерін қоса алғанда, орманды, оның функцияларын пайдаланудан алатын пайда;

75) өртең – екпе ағашын өрт жойып жіберген, ал жаңа түптері әлі көтеріле қоймаған орман алқабы;

76) өскін – орман жапырақтары астында немесе ағашы кесілген жерде қалып қойған, көтеріліп өсуге немесе аналық сүрекдіңдерді алмастыруға жарамды ағаш өсімдіктерінің жас шыбықтары;

77) санитариялық мақсатта ағаш кесу – орманның санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), оның барысында жекелеген ауру, закымданған, солып қалған және қураған ағаштар кесіледі;

78) селдіреу – жуандығы 0,1 - 0,2 мөлшеріндегі жасы бірінші және екінші сыныптағы шыбықтарды қоспағанда, табиғи түрде қалыптасқан сүрекдіндер;

79) сөл алу – ағаштардың діндерінен шайыр, сөл алу үшін оларды қөктеп-өсу кезеңінде қолдан зақымдау;

80) сүрекдің – орман екпелерінің негізгі компоненті болып табылатын ағаштар жиынтығы;

81) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары – өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер құру үшін өсірудің қарқынды агротехникасы қолданылатын ағаш және бұта тұқымдылар;

82) тексеру кезеңі – орман шаруашылығын жүргізу үшін орман орналастыру жобасы немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақты басқару жоспары әзірленетін мерзім ;

83) тұрақты орман тұқым базасы – тұқым қуалаушылық қасиеті құнды және себу сапасы жоғары тұқым алу үшін Қазақстан Республикасының орман заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорында аумағы жағынан бөлінген, селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер жиынтығы;

84) тұрақты орман тұқымы участкесі – осы орман өсіру жағдайларында ұзак уақыт бойы тұқым алуға арналған артықшылығы бар екпелерде, тұқым плантацияларында артықшылығы бар ағаштардан дайындалған тұқымдардан өсірілген, егілген немесе отырғызылған көшеттерден жасалған жоғары өнімді табиғи түрдегі немесе орман дақылдары екпелерінің қалыптасқан участкелері;

85) усадьба – ағаш өспеген алқаптарға жататын, орман шаруашылығын жүргізумен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуімен байланысты тұрғын үйге арналған және кісі тұрмайтын қора-жайлар орналасқан жер участкелерін білдіретін мемлекеттік орман қоры алқаптарының түрі;

86) шайыр – қылқан жапырақты ағаштар зақымданған кезде бөлінетін қоймалжың зат;

87) шоқ ормандар – орманды дала аймағында шағын участкелер (0,1-ден 30 гектарға дейін) болып өсетін табиғи ормандар.

Ескеरту. 4-бап жана редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-тарау. Орман құқығы қатынастарының объектілері мен субъектілері

5-бап. Орман құқығы қатынастарының объектілері

1. Орман қоры жерлерін, орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін қамтитын Қазақстан Республикасының орман қоры орман құқығы қатынастарының объектісі болып табылады.

2. Орман құқығы қатынастарының объектілері осы Кодексте және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы жағдайда ормандардың көп функциялы маңызы ескеріле отырып пайдаланылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Қазақстан Республикасының орман қоры

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қоры жерлері Қазақстан Республикасының орман қорын (бұдан әрі - орман қоры) құрайды.

2. Орман қоры мемлекеттік және жекеше орман қорларынан тұрады.

3. Мемлекеттік орман қорына:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар;

2) табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер участкелері;

3) халықаралық және респубикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және басқа желілік құрылыштардың белдеулеріндегі ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады.

4. Жекеше орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған:

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;

3) жекеше орман питомниктері;

4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;

5) агрорман-мелиорациялық екпелер;

6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.

5. Орман қорына:

1) мемлекеттік орман қорының жерінен тыс орналасқан жекелеген ағаштар және көлемі 0,05 гектардан кем шоқ ағаштар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі бұта өсімдіктер;

2) қала ормандарынан басқа, елді мекендер шекарасы шегіндегі жасыл екпелер;

3) үй маңындағы, саяжайлар мен бау-бақша участекеріндегі ағаштар мен бұталар кірмейді.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Орман қорына меншік құқығы

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мұддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады.

2. Жекеше орман қоры участекерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жекеше орман иеленушілер жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Орман қорының жерлері

1. Орман қорының жерлері мемлекеттік және жекеше орман қоры жерлеріне бөлінеді.

2. Мемлекеттік орман қорының жерлеріне табиғи түрде ағаш өскен, бюджет қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген және ағаш өспеген (орманды және ағаш өспеген алқаптар), орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген жерлер жатады.

3. Жекеше орман қоры жерлеріне Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген:

1) қолдан өсірілген екпелер;

- 2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;
- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиорациялық екпелер;
- 6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер орналасқан жерлер жатады.

4. Мемлекеттік орман қоры жерлерінің шекарасы жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде орман орналастыру материалдарының негізінде белгіленеді және нақтыланады.

5. Мемлекеттік орман қорының жерлерін сатып алу-сату, кепілге беру және басқа мәмілелер жасасу арқылы иеліктен шығаруға жол берілмейді.

6. Орман қорының жерлерін беру, алып қою және пайдалану тәртібі осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының Жер және Азаматтық кодекстерімен айқындалады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Орман ресурстары және орманның пайдалы қасиеттері

1. Орман ресурстары сүрек қорынан, шайыр мен ағаш шырындарынан, қосалқы сүрек ресурстарынан, жабайы өсетін жемістерден, жанғактардан, саңырауқұлактардан, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттан, орман қорында болатын, жинақталатын және өндірілетін өзге де өсімдік пен мал өнімдері қорынан тұрады.

2. Орманның өсіп тұрған кезінде өзіне тән экологиялық және әлеуметтік мәні бар функциялары (оттегін бөліп шығару, көмір қышқыл газын бойына сіңіру, топырақты су және жел эрозиясынан сақтау, топырақтың жоғары қабатындағы ылғалды ішкі қабатына тарту, бальнеологиялық және климат реттеушілік қасиеттері) оның пайдалы қасиеттеріне жатады.

10-бап. Орман құқығы қатынастарының субъектілері

Ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыруды, орман өсіру мен (немесе) орман пайдалануды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар орман құқығы қатынастарының субъектілері болып табылады.

2-бөлім. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқару, бақылау мен қадағалау

Ескерту. 2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқару

11-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам және мемлекеттік органдар жүйесі

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамға және мемлекеттік органдар жүйесіне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өздерінің құзыреті шегінде жатады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

11-1-бап. Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету жүйесі

Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету жүйесіне:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;

3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар;

4) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары;

5) орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары;

6) мемлекеттік орман орналастыру ұйымдары;

РҚАО-ның ескертпесі!

7) тармақша 01.01.2015 бастап қолданысын тоқтатты.

7) орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету саласындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

8) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы ұйымдар;

- 9) орман иеленушілер мен орман пайдаланушылар;
- 10) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мақсатында құрылған қоғамдық бірлестіктер кіреді.

Ескерту. Заң 11-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік орман саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) мемлекеттік орман қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады;
- 3) осы Кодекстің 22-бабының 2-тармағында аталған мемлекеттік занды тұлғаларға орман пайдалану құқығымен мемлекеттік жер қоры участеклерін береді;
- 4) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) мемлекеттік орман қорын санаттар бойынша бөлуді бекітеді;
- 6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 9) алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 10) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешім қабылдайды және оларды алып қою көлемдерін бекітеді;
- 11) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 12) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 14) алып тасталды
- 15) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17-18) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17-19) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17-20) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Үәкілетті органның құзыреті

Ескерту. 13-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Үәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асырады;

1-1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастырады және іске асырады;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

4) Қазақстан Республикасының орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

4-1) мемлекеттік орман қоры участекерінде орман шаруашылығы іс-шараларының орындалу сапасына және олардың орман орналастыру жобаларына сәйкестігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруге мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

5-1) мыналарға:

орман қорындағы сандық және сапалық өзгерістерге, оның санитариялық жай-күйіне;

мемлекеттік орман қоры участекерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібіне және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуына;

ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, орман өрттерінің алдын алу жөніндегі, оларды уақтылы байқауды және жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, сондай-ақ өртендер алқаптарын есепке алудың дәлме-дәлдігіне және мемлекеттік орман қорына өрттен келтірілген залалды анықтауға, орман өрттерінің зардаптарын жою бойынша қабылданған шаралардың уақтылығына;

ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының туындауының, таралуының алдын алу бойынша қабылданған шаралардың уақтылығына, оларды, табиғи және антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден екпелердің әлсіреуі мен қырылуын есепке алу мен болжаудың дәлме-дәлдігіне;

кеспеағаш аймағының бөлінуіне;

мемлекеттік орман қоры участекерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына;

ерекше қоргалатын табиғи аумақтар ормандарында күзет режимдерінің сақталуына;

мемлекеттік орман қоры участекерінде орман тұқымдарының аудандастырылуының, орман тұқымдарын дайындау, өндіу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомник шаруашылығының жүргізілуіне;

орман қоры жерлерінің нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және осы жерлердің қорғалуына;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-1) тармақшаның он бірінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – КР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

құрылыш жұмыстары, пайдалы қазбалар өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік орман қоры участекеріндегі есептік кеспеағаш аймағын және ағаштың кесілетін жасын өзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етеді;

7) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

8) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын өзірлейді және бекітеді және оларды жүргізуді қамтамасыз етеді;

9) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

10) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен орман қатынастары саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдайды;

12) мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ өзінің қарауындағы ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп тәндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

13) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындайды, ғылыми зерттеуді және жобалау-іздестіру жұмыстарын ұйымдастырады;

14) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры участекерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

15) Қазақстан Республикасының орман зандары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

16) алынып тасталды;

17) мынадай: мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеудің; орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және айқындау жөніндегі; орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінің көлемдерін және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және айқындау жөніндегі әдістемелік нұсқауларды өзірлейді және бекітеді;

18) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18-1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

18-2) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18-3) орман орналастыру жобаларын бекітеді;

18-4) әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-5) мемлекеттік орман қоры участеклерінде табиғи-климаттық факторлар, ормандардың зиянкестермен және аурулармен зақымдануы салдарынан болған зардаптарды жою кезінде орман орналастыру материалдарында айқындалмаған санитариялық және өзгедей ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін мемлекеттік орман қоры участеклерінде сүректі түбірімен босату қағидаларына сәйкес қалыптастырады және бекітеді;

18-6) орман тұқымдарын аудандастыруды әзірлейді және бекітеді;

18-7) орман шаруашылығы саласында ынталандыру қағидаларын және құрметті атақтар, омырауға тағатын белгілер мен құрмет грамоталарын беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-8) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-9) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-10) орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта тұлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-11) орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын әзірлейді және бекітеді;

18-12) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары, жанама орман

пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыш объектілерін салуға участекелер бере қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-13) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18-14) дериваттар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

18-15) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою және оларды алып қою көлемдерін бекіту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

18-16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман құзетінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

18-17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман құзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) ұлғілерін және оны киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-18) орман тұқымдарын дайындау, қайта өндеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-19) мемлекеттік орман қорын санаттарға бөлу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

18-20) мемлекеттік орман қоры участекелерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-21) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа су объектілері жағалауарындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-22) Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелер әзірлейді;

18-23) мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман қорын құзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер әзірлейді және бекітеді;

18-24) мемлекеттік орман қоры аумағында шайырды, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, орманды жанама пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-25) ормандарды молықтыру мен орман өсіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-26) отырғызылатын материалды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры участеклерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-27) карантиндік тұрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және оларға қарсы күрес тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-28) ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-29) мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесілген жерлерді куәландау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-30) мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-31) орман қорының аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу, айқындау және өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-32) орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінің көлемдерін және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу мен айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-33) мемлекеттік орман қоры аумағында орманды пайдаланушылар сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар өткіzetін орындардағы өрт сөндіру құралдарының тиесілік нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық үекілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

18-34) алып тасталды - КР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18-35) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-36) мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

18-37) алып тасталды - КР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18-38) мемлекеттік орман күзеті туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

18-39) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды айқынрайтады;

18-40) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен айналысатын жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18-41) Мемлекеттік орман қоры участеклерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру мен таксациялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-42) алып тасталды - КР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18-43) ағаштардың қурау және құрып кету қатері тәнген кезде мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы шешім қабылдайды;

18-44) орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-45) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман құзетінің лауазымды адамдары актілерінің нысандарын әзірлейді және бекітеді;

18-46) өзінің ведомстволық бағынысындағы орман мекемесінің нышанын (эмблемасы мен жалауын) бекітеді;

18-47) Құрып кету қаупі тәнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктегі мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды береді;

18-48) басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне ауыстыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-49) жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі тәнгендерін Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) береді;

18-50) жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі тәнгендерін Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағынан экспорттауға арналған лицензияны береді;

18-51) мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-52) уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бұлғын жер участеклерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-53) климаттың өзгеруіне осалдыққа бағалау жүргізуді өз құзыреті шегінде ұйымдастырады;

18-54) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басымдықтар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқынрайды;

18-55) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;

18-56) өз құзыреті шегінде айқындалған, климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асырады және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзетеді;

19) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Уәкілетті органның ведомствоны өз қызметін үәкіледті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

2. Алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 № 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы құзыреті

Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) келісе отырып, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жасаған есептеулер негізінде мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекітеді;

3) облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдардың өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының жай-күйі, күзетілуі, қорғалуы, пайдаланылуы, ормандардың молықтырылуы және орман өсіру мәселелері жөніндегі есептерін қарайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қүшіне енеді), өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандағымен.

15-бап. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы құзыреті

Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысады;

2) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

3) мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

4) жеке және занды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін

айқындаиды, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру өrt сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өrtке қарсы ерікті құралымдардың жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;

6) орманда өrt қаупі болатын маусымда мемлекеттік орман қоры аумағында өrtтерді сөндіру үшін жанар-жағар май материалдарының резервін жасайды;

7) шаруа және фермер қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

8) өrtке қарсы насиҳатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өrt қаупісіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастырады;

9) облыс аумағында ормандағы өrtке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құрады;

10) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

11) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өrt қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын шектеу туралы шешім қабылдайды;

12) уәкілдепті органға беру үшін өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар әзірлейді;

13) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры участеклерінде аяқталған объектілерді және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдайды;

13-1) мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін (сүректі түбірімен босату үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлейді;

14) уәкілдепті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстарын ұзак мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

15) алып тасталды;

15-1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15-2) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман

пайдалану үшін ұзак мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыш объектілерін салуға участелер береді;

15-3) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15-4) өздерінің ведомстволық бағынысындағы орман мекемесінің нышанын (эмблемасы мен жалауын) бекітеді;

15-5) уәкілдегі орган айқындаған тәртіппен басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне аудиостыруды жүзеге асырады;

16) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-бап.

Ескерту. 16-бап алып тасталды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

17-бап.

Ескерту. 17-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

18-бап. Орман мекемесінің негізгі қызметі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Орман мекемесі:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру, тұрақты орман тұқымдары участеклері мен орман тұқымдары плантацияларын күтіп-ұстай, орман тұқымдарын дайындау, ұқсату мен сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауды;

3) орман орналастыру жобаларына сәйкес орман пайдалану орындары мен олардың көлемін айқындауды;

4) орман ресурстарын тендерге қою үшін материалдар әзірлейді;

5) орман ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) орман пайдалануға арналған ағаш кесу және орман билеттерін береді;

7) Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдары саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен олардың жолын кесу жөнінде іс-шаралар қабылдайды;

8) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың, орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады;

9) Қазақстан Республикасының орман және азаматтық заңдарына сәйкес, аяқталған объектілер мен орман пайдаланушылардың орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізуі нәтижесінде өндірілген дайын өнімді қабылдауды жүзеге асырады;

10) алып тасталды

11) алып тасталды

12) алып тасталды;

13) өзіне орман иелену құқығымен берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін күзету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

14) орман орналастыру материалдарына сәйкес, орман иелену құқығымен берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесудің жыл сайынғы көлемін қалыптастырады және бекітеді.

Орман мекемесі аумақтық бөлімшемен келісу бойынша ағаш кесудің жыл сайынғы көлемін бекітеді;

15) орман мекемесінің нышанын (эмблемасы мен жалауын) әзірлейді;

16) орман иелену құқығымен берілген, орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтажы; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдаланушыларға құрылыш объектілері үшін участеклер береді.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-1-бап. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету саласындағы қызметінің түрлері

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету саласында:

- 1) мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды;
- 2) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды;
- 3) ормандарды молықтыруды және орман өсіруді;
- 4) өсімдіктер дүниесі объектілерін қолдан өсіруді;
- 5) орман шаруашылығын жобалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

Ескерту. 19-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау барлық жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген орман қорын пайдалану тәртібін, орман шаруашылығын жүргізу, оның ішінде ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман өсіру, оларды есепке алу қафидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман заңнамасында, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасында көзделген өзге де қафидалар мен нормаларды сақтауы мақсатында жүзеге асырылады.

2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті органның ведомствоны, аумақтық бөлімшелер, өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өздерінің құзыretі шегінде жүзеге асырады.

3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексерулер және байқаулар арқылы жүзеге асырылады.

Тексеру осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-1-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы тексерулерді жүзеге асыру тәртібі

1. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерге орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қызмет жатады.

2. Уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы жұмыстар мен іс-шараларды тексеруді, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін санкциялаусыз алып қоюды бақылауды жүзеге асырады.

3. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы орман заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің орман қорының жай-күйіне, оны күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдары тексеру нәтижелері туралы акт және бұзушылықтар анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарады.

4. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының орман заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтар болмаган жағдайда, тексеру жүргізу кезінде тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

5. Уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамы:

1) мемлекеттік орман қоры аумағында:

заңсыз ағаш кесу фактісі;

ағаштар мен бұталарды жою немесе зақымдау;

орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы егілген, отырғызылған көшеттерді, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге арналған аландарда өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндерді, қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау;

отқа немесе өзге де жоғары қауіп көзіне абай болмау салдарынан ағаштар мен бұталарды жою немесе зақымдау бойынша бұзушылықтар;

2) мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қасақана жою немесе зақымдау анықталған жағдайда, егер залал республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қанчарына қолданыста болатын бір жүз айлық есептік көрсеткішті құраса не одан асып түссе, материалдарды дереу құқық қорғау органдарына береді немесе егер залал республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қанчарына қолданыста болатын бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейін болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады.

6. Тексеру мерзімділігі:

кешенді тексерулер – жылына бір рет;

тақырыптық тексерулер жылына төрт рет жүргізіледі (қарау аймақтарын көктемгі және күзгі ревизиялау, өрт қаупі бар маусымға дайындалу, орман дақылдары жұмыстары).

Тексеру мерзімдері он жұмыс күнінен аспайды және тексеру мерзімін бес жұмыс күніне дейін ұзартуға болады. Тексеру мерзімдерін ұзарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) табиғи-климаттық факторлар (орман өрттері, өзендердің тасуы, көшкіндер, тастардың құлауы, селдер, қар басу, дауылдар, нөсерлер және басқалар);

2) жаңадан анықталған мән-жайлар (зансыз ағаш кесудің мәлім болған көлемі, ормандарды молықтырудың зақымдалған участкерінің аландарын анықтау және басқалар).

7. Жоспардан тыс тексерулер жеке немесе занды тұлғалардың адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен занды мұдделеріне зиян келтірілгені туралы нақты фактілер бойынша өтініштері, прокурордың және өзге де құқық қорғау органдарының талаптары, мемлекеттік органдардың өтініштері, жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын бұзушылықтардың жойылуын бақылау бойынша, сондай-ақ ірі орман өрттері туындаған және зансыз ағаш кесу анықталған жағдайларда тағайындалады.

Жоспардан тыс тексеру мерзімдері бес жұмыс күнінен аспайды және тексеру мерзімін үш жұмыс күніне дейін ұзартуға болады.

8. Көлемі бойынша тексерулер:

1) кешенді;

2) тақырыптық деп бөлінеді.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігінде Қазақстан Республикасы орман заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері кешені бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін тексеру, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін санкциялаусыз алып қоюды бақылау кешенді тексеру болып табылады.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігінде Қазақстан Республикасы орман заңнамасының талаптарын сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін тексеру тақырыптық тексеру болып табылады.

9. Уәкілетті орган ведомствосы бірінші басшысының немесе аумақтық бөлімше бірінші басшысының бұйрығы тексеруді тағайындау үшін негіз болып табылады. Тиісті бұйрық шығару үшін мыналар негіз болып табылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне жүргізілген талдау мен мониторинг;

2) тексерулердің жылдық кестесі;

3) алдыңғы тексерулер мониторингінің қорытындылары;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерін қамтитын ғарыштық мониторингтеу деректері.

10. Уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің тексеру үшін келген лауазымды адамдары субъектіге:

1) тексеруді тағайындау туралы бұйрықты;

2) қызметтік куәлігін;

3) қажет болған кезде – құзыретті органның режимдік объектілерге кіруге рұқсатын көрсетуге міндettі.

Тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы бұйрық табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

11. Тексерулердің қорытындысына тексерілетін субъект Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

12. Аумақтық бөлімшелер шешімдерге шағым жасау мен оларды орындаудың қолданыстағы мерзімдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы орман заңнамасын анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша материалдардың орындалуы мен әртүрлі сатылардан өтуіне мониторингті жүзеге асырады.

13. Бұзушылықтарды есепке алу, саны, түрлері мен бұзу орындары бойынша олардың динамикасын талдау мақсатында аумақтық бөлімшелер Қазақстан Республикасы орман заңнамасын бұзушылықтарды, заңсыз табиғат пайдаланудың алып қойылған құралдарын және заңсыз қолға түсірілген орман ресурстары мен жануарлар дүниесі объектілерін тіркеу журналын жүргізеді.

14. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулер, егер бұларды уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды

адамдары тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұза отырып жүргізсе, жарамсыз деп танылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік орган тексерудің жарамсыздығына байланысты тексеру нәтижелері туралы актінің күшін жою мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелерінің жарамсыздығына байланысты анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы бақылау және қадағалау субъектісінің өтінішін қарауды өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органдың бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерудің нәтижелерін жарамсыз деп тануы олардың күшін жою үшін негіз болып табылады.

Жарамсыз деп танылған тексеру нәтижелері туралы акт пен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулердің қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау және қадағалау субъектілерінің Қазақстан Республикасы Кесіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды бұзғанының дәлелдемесі болып табылмайды.

Тексерулерді өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізуге негіздердің болмауы;
- 2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы бұйрықтың болмауы;
- 3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы бұйрықты бақылау және қадағалау субъектісіне ұсынбау;
- 4) уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерді тағайындауы;
- 5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерді жүргізу мерзімдерін бұзу.

15. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді жүргізу кезінде уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары:

- 1) құжаттарды, ақпаратты, егер олар тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына қатысты болмаса, беруді талап етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;
- 3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерін асырып жіберуге;

4) осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оған қатысты бұрын оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге мемлекеттік орган бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді жүргізген бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы сол бір кезеңдегі сол бір мәселе бойынша тексеруді жүргізу;

5) тексерілетін субъектілердің есебінен мемлекеттік бақылау мақсатында шығын сипатындағы іс-шараларды жүргізуге құқылы емес.

Ескерту. 4-тaraу 19-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

19-2-бап. Жедел ден қою шаралары және оларды қолдану тәртібі

Ескерту. 19-2-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Қоғамдық қауіпті салдардың басталуын болғызбау мақсатында тексеруді жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша қолданылатын тексерілетін субъектілерге ықпал ету тәсілдері жедел ден қою шаралары болып табылады.

1-1. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы тексеру шеңберінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Кодекске сәйкес жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі ормандардың биологиялық әралуандылығының, мемлекеттік табиғи-қорық қоры, мәдени және табиғи мұра объектілерінің сақталуына тікелей қауіп төндірген жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары жедел ден қою шараларын қолданады.

3. Жедел ден қою шараларына мыналар жатады:

1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігінде Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласында құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстau және құқық қорғау органдарына жеткізу, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін санкциялаусыз алып қоюды, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау;

2) жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ лауазымды адамдардан заңсыз қолға түсірілген орман ресурстары мен жануарлар дүниесі ресурстарын, оларды қолға түсіру құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын алып қою;

3) ағаш кесу билетінің немесе орман билетінің қолданылуын үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата түру арқылы мемлекеттік орман иеленушілердің немесе орман пайдаланушылардың қызметін тоқтата түру;

4) орман пайдалану түрлерін шектеу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орман пайдалану құқығын тоқтату.

4. Осы Кодекстің 19-1-бабының 5-тармағында көрсетілген талаптардың бұзылуы жедел ден қою шаралары мен олардың түрлерін қолдануға негіз болып табылады.

5. Уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамы жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын бұзушылық анықталған кезде бұзушылық жасалған жерде қадағалау актісін ресімдейді және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабына сәйкес бақылау мен қадағалау субъектісіне табыс етеді.

6. Уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамы қадағалау актісін ресімдегеннен кейін жедел ден қою шарасын тікелей қолдануды жүзеге асырады.

7. Қадағалау актісін алудан бас тарту оны орынданауға негіз болып табылмайды.

8. Бақылау мен қадағалау субъектісі жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болып табылатын анықталған бұзушылықтарды қадағалау актісінде көрсетілген мерзімдерде жоюға міндетті.

9. Уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта тарту бойынша шаралар қабылдайды.

10. Тексеру нәтижелері туралы актілерде және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген талаптарды бұзушылықтарды жою мерзімдері өткеннен кейін жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтардың жойылуын бақылау бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

11. Уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болып табылатын анықталған бұзушылықтардың жойылғанын осы Кодекстің 19-1-бабына сәйкес жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актінің негізінде растаған жағдайда қадағалау актісінің қолданысы тоқтатылады.

12. Бақылау мен қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көзделген мерзімдер өткенге дейін анықталған бұзушылықтардың

жойылғаны туралы ақпаратты бұзушылықтардың жойылу фактісін дәлелдейтін материалдармен (қажет болған кезде) қоса беруге міндетті.

13. Бақылау мен қадағалау субъектісі жедел ден қою шараларын қолдануға алып келген тексеру нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қадағалау актісін жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы шағым бере алады.

Шағым Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 29-тaraуында көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі.

Шағым беру қадағалау актісінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

14. Қадағалау актісін жарамсыз деп тану және оның күшін жою үшін мыналар:

1) жедел ден қою шараларын қолдануға негіздің болмауы;

2) жедел ден қою шараларын осы шараға сәйкес келмейтін негіз бойынша қолдану;

3) уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшениң өз құзыretіне кіrmейtіn мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қолдануы негіз болып табылады.

15. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы ақпарат мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыretі шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған тәртіппен жіберіледі.

Ескерту. 4-tarau 19-2-баппен толықтырылды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

20-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствоның, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдарынан тұрады.

1-1. Уәкілетті орган ведомствоның басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік орман инспекторы болып табылады.

2. Уәкілетті орган ведомство басшысының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас орман инспекторының орынбасарлары болып табылады.

3. Уәкілетті орган ведомствоның құрылымдық бөлімшелерінің орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар

дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аға орман инспекторлары болып табылады.

4. Уәкілетті орган ведомствоның орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын мамандары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орман инспекторлары болып табылады.

5. Аумақтық бөлімшелердің басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстардың Мемлекеттік бас орман инспекторлары болып табылады.

6. Аумақтық бөлімшелер басшыларының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстардың Мемлекеттік бас орман инспекторларының орынбасарлары болып табылады.

7. Аумақтық бөлімшелердің құрылымдық бөлімшелерінің орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстардың Мемлекеттік аға орман инспекторлары болып табылады.

8. Аумақтық бөлімшелердің орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын мамандары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстардың Мемлекеттік орман инспекторлары болып табылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының:

1) ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану жөніндегі жұмыстар мен іс-шаралардың барлық түрін, сондай-ақ мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіптің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мен жеке және занды тұлғаларға анықталған кемшіліктерді жою жөнінде жазбаша нұсқаулар беру;

2) алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) Қазақстан Республикасының орман зандары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

3-1) осы Кодексті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің орман қорын құзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қаулыларын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру;

3-2) мынадай:

Қазақстан Республикасының орман заңнамасы бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылықта тарту туралы;

Қазақстан Республикасының зандарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша уақытша сақтау үшін алынған орман ресурстарын, көлік құралдарын, оларды алу құралдарын алғып қою туралы қаулылар шығару;

3-3) тексеру нәтижелері туралы акт жасау;

4) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес орман пайдалану құқығын тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

5) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жеке және занды тұлғаларға Қазақстан Республикасының орман зандарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандарын бұза отырып мемлекеттік орман қорына келтірілген залалды өтеу туралы талаптар қою;

6) тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына Қазақстан Республикасының орман заңнамасын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапқа тарту жөнінде ұсыныстар енгізу, құқық қорғау органдарына іс-жүргізу шешімдерін қабылдау үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін бұзушылықтар туралы хабарлау;

7) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша зансыз алынған орман ресурстарын, көлік құралдарын және құқық бұзушылық жасау құралы болып табылған өзге де заттарды алғып қою, олардың сақталуын қамтамасыз ету құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдары:

1) орман шаруашылығы іс-шараларының орындалу сапасын және олардың мемлекеттік орман қоры участкеріндегі орман орналастыру жобаларына сәйкестігін;

1-1) орман қорының сандық және сапалық өзгерістерін, орманның санитарлық жай-күйін, ормандағы ағаштардың патологиялық жағдайын;

2) мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібін және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуын;

3) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, ормандағы өрттердің алдын алу жөніндегі, оларды дер кезінде байқау мен жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ өртеңдер алаңының есебін жүргізуудің дәлдігін және мемлекеттік орман қорына өрттен келген нұқсанды анықтау, орман өрттерінің зардаптарын жою жөніндегі шаралардың уақтылы қабылдануын;

4) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының пайда болуының, таралуының, екпелердің табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының алдын алу жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануын, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігін;

5) мемлекеттік орман қоры участеклерінде сұректі түбірімен босату және ағаш кесу ережелерінің, орман пайдаланудың өзге де ережелерінің сақталуын;

5-1) кеспеағаш аймағын бөліп беруді;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын;

7) мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман тұқымдарының аудандастырылуының, орман тұқымдарының дайындалуының, өндөлеуінің, сақталуының және пайдаланылуының орындалуын, питомник шаруашылығының жүргізілуін;

8) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы қызметіне сәйкес пайдаланылуын және осы жерлердің сақталуын;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақшага өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) құрылыш жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын;

10) Қазақстан Республикасының орман заңнамасының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының өзге де талаптарының орындалуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға міндетті.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүргүре және қолдануға рұқсат беріледі.

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киіммен және қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

Айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киім киіп жүргүре құқығы бар лауазымды адамдардың тізбесін, айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киім үлгілерін киіп жүру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға жатады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

21-1-бап. Орман қорының жай-күйіне, оны күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және аумақтық органдардың лауазымды адамдарының тексеру актілері

Ескерту. 21-1-бап алып тасталды - КР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-бөлім. Орман иелену және орман пайдалану құқығы

5-тарау. Орман иелену құқығы

22-бап. Мемлекеттік орман қоры участкерлерін орман иелену құқығымен беру

1. Мемлекеттік орман қоры участкеріне орман иелену тұрақты жер пайдалану құқығымен туындайды.

2. Мемлекеттік орман қорының участекелері орман иелену құқығымен:

1) мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, мемлекеттік орман қорының кешенді пайдаланылуын ұйымдастыру үшін орман мекемелеріне және үәкілетті органның өзге де мемлекеттік ұйымдарына;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметіне байланысты мақсаттар үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, мемлекеттік табиғи резерваттарға, мемлекеттік өнірлік табиғи парктерге, мемлекеттік ботаникалық бақтарға, мемлекеттік дендрологиялық парктерге (бұдан әрі - занды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған, мемлекеттік орман қоры участекелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік занды тұлғалар мемлекеттік орман иеленушілер болып табылады.

4. Орман иелену құқығы жер қатынастары жөніндегі үәкілетті орган беретін тұрақты жер пайдалану құқығы актісімен куәландырылады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

23-бап. Жекеше орман иелену құқығының туындауды

Жекеше орман иелену құқығы Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасы мемлекеттік емес занды тұлғаларының оларға Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке меншігіне немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерінде туындауды.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Мемлекеттік орман иеленушілердің құқықтары

Мемлекеттік орман иеленушілердің:

1) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қоры участекелерін пайдалану;

2) осы Кодекте айқындалған тәртіппен мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман пайдалануды жүзеге асыру;

2-1) нәтижесінде өтімді қоқыс (жел, дауыл құлатқан ағаштар) пайда болған табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, оны жинауға жеке және занды тұлғаларды шарт негізінде тарту;

3) аумақтық бөлімшелермен келісе отырып жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті құрылыштар мен ғимараттар салу;

4) өздері өсірген және (немесе) дайындаған өнімді өткізу және алынған табыстарды пайдалану;

4-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балық шаруашылығын жүргізу;

5) жеке және занды тұлғаларға мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануға арналған ағаш кесу және орман билеттерін беру;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарын жасасу құқығы бар.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Жекеше орман иеленушілердің құқықтары

Жекеше орман иеленушілердің:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өздерінің меншігіндегі немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануындағы жекеше орман қоры учаскелерін иелену, пайдалану және оларға билік ету;

2) өздерінің меншігіндегі немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануындағы жекеше орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыру;

3) жобалық және техникалық құжаттамаға сәйкес тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жеке орман қоры учаскелерінде құрылыштар мен ғимараттар, оның ішінде орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті құрылыштар мен ғимараттар салу;

4) өздері өсірген және (немесе) дайындаған өнімді және оны өткізуден түскен табысты меншіктену құқығы бар.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Мемлекеттік орман иеленушілердің міндеттері

Мемлекеттік орман иеленушілер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығын жүргізуге;

2) ормандардың молықтырылуын, күзетілуін, қорғалуын, санитарлық жай-күйін жақсартуды және күтіп-бапталуын, олардың өнімділігінің, қорғаныштық және өзге де пайдалы қасиеттерінің артуын, орманның көп мақсатқа ұтымды пайдаланылуын ұйымдастыруды, орман орналастыруды, ормандар мен жануарлар дүниесінің есебін жүргізуді, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорлары объектілерінің, мәдени және табиғи мұраның сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорының ресурстық әлеуетін пайдалануға;

4) орманның орта құрайтын және ортаны қорғайтын функцияларының сақталуын, сондай-ақ екпелерді, дәрі-дәрмектік, тағамдық және техникалық шикізатты дер кезінде қалпына келтіру жағдайларын қамтамасыз ететін тәсілдермен және әдістермен жұмыс жүргізуге, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі өзге де талаптарды орындауға;

5) мемлекеттік орман қоры аумағының өртке қарсы және санитарлық орналастырылуын қамтамасыз етуге, өрт қауіпсіздігі мен орман пайдалану ережелері бұзылуының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман зандарын басқа да бұзушылықтың алдын алуға, оны дер кезінде байқап, жолын кесуге, ормандары өрттерді сөндіру, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы қарес, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандарын бұзушылыққа қарсы қарес жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

6) орман пайдаланушылар өртке қарсы қарес іс-шаралары жоспарларын әзірлеген кезде оларға жәрдем көрсетуге;

6-1) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес орманды шолып, тексеру жүргізуге ;

6-2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесілген жерлерге куәландыру жүргізуге;

6-3) уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қорында таңбаларды қолдану қағидаларына сәйкес ағаштарды, сыпталған ағаштарды, сортименттерді және түбірлерді таңбалауды жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен ормандары өрттерді және олардың зардаптарын тіркеуді;

8) уәкілетті орган бекіткен орман тұқымдарын дайындау, өндеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларын сақтауға;

9) уәкілетті орган бекіткен орман тұқымдарын аудандастыруды сақтауға;

10) орман орналастыру жобасына және (немесе) ормандарды өртке қарсы орналастыру жобасына сәйкес орман өрт сөндіру станцияларын құруға және олардың қызметін уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесіне сәйкес қамтамасыз етуге;

11) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істей қағидаларына сәйкес мектеп орманшылығының жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесуге міндетті.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014

№ 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

27-бап. Жекеше орман иеленушілердің міндеттері

Жекеше орман иеленушілер:

1) өздерінің меншігіндегі немесе ұзак мерзімді жер пайдалануындағы жеке орман қоры участеклерінде орман шаруашылығы мен орман пайдалануды Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарын сақтай отырып, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген тәсілдермен және әдістермен жүргізуге;

2) өздерінің меншігіндегі ормандарды құзетуді, қорғауды, ормандардың санитарлық жай-күйін жақсартуды және оларды күтіп-баптауды қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман қорын мемлекеттік есепке алууды, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізуге қажетті ақпаратты беруге;

4) өздерінің меншігіндегі немесе ұзак мерзімді жер пайдалануындағы жекеше орман қоры участеклерінің өртке қарсы және санитарлық орналастырылуын қамтамасыз етуге, ормандағы өрттерді сөндіру, орман зиянкестері мен орман ауруларына қары күрес жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

5) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

28-бап. Орман иелену құқығының тоқтатылуы

1. Мемлекеттік орман иелену құқығы:

1) мемлекеттік орман қоры участеклері орман иеленуінде болған занды тұлға таратылған және олар басқа мемлекеттік орман иеленушіге берілген жағдайда;

2) мемлекеттік орман қорының жері Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

2. Жекеше орман иелену құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатылады.

6-тaraу. Орман пайдалану құқығы

29-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығының туындауы

1. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған шарт негізінде туындаиды.

Тендерге қатысуға Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетелдік қатыспайтын Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының құқығы бар.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы қысқа мерзімді орман пайдалану шарты және (немесе) орман билеті негізінде туындаиды.

3. Орман пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады.

4. Орман пайдаланушы заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры - заңды тұлғага ауысады.

5. Орман пайдалану құқығы тек қана орман пайдалану түрі сақталғанда, құқық мирасқорының орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражаты мен өндірістік қуаты және облыстық атқарушы органдар айқындаитын, тиісті біліктілігі бар мамандары болғанда ауысуы мүмкін.

6. Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарына, ағаш кесу билетіне, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы ресімделеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

30-бап. Жекеше орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығының туындауы

Жекеше орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекеше орман иеленуші айқындаитын тәртіппен туындаиды.

31-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану

1. Осы баптың 1-1-тармағында көзделген орман пайдалану түрін қоспағанда, мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға тендер хаттамасы негізінде, кейін мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдаланушы арасында шарт ресімделе отырып, беріледі.

1-1. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі орман ресурстары аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, сондай-ақ балық шаруашылығын жүргізу, оның ішінде мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі су объектілерінде жүргізу үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау,

өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған аңшылық шаруашылығын және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт негізінде, кейін мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдалануши арасында шарт ресімделе отырып, беріледі.

1-2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланудың мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) сүрек дайындау;
- 2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;
- 3) мемлекеттік орман қоры участеклерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, сондай-ақ балық шаруашылығын жүргізу, оның ішінде мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі су объектілерінде жүргізу үшін пайдалану;
- 4) мемлекеттік орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану;
- 5) мемлекеттік орман қоры участеклерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану;
- 6) мемлекеттік орман қоры участеклерін ағаш және бұта тұқымдыларының көшеттік материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін пайдалану;
- 7) жанама орман пайдалану.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі орман ресурстары орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты, өндірістік қуаттары және тиісті біліктілікке ие мамандары бар орман пайдаланушыларға 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалануға мынадай мақсатта:

басты мақсатта пайдаланылатын ағаш кесу (сүрек дайындау) үшін – 10 жылдан 15 жылға дейін;

сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсат үшін – 10 жылдан 49 жылға дейін;

жанама орман пайдалану, шайыр мен ағаш шырындарын дайындау үшін – 10 жылдан 15 жылға дейін;

аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін – 10 жылдан 49 жылға дейін;

ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін – 10 жылдан 49 жылға дейін;

ағаш және бұта тұқымдас көшеттік материалдар мен арнаулы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін 10 жылдан 49 жылға дейін беріледі.

2-1. Сүрек дайындау үшін орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға бекіту жөніндегі тендерге қатысуға мынадай талаптарға сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысусызы Қазақстан Республикасының занды тұлғалары жіберіледі:

1) меншік құқығында не сенімгерлік басқаруда материалдық-техникалық базаның: мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу қағидаларында белгіленген кеспеағаш жұмыстарын жүргізу кезінде ағаш кесудің белгіленген жыл сайынғы

көлемінің және орман шаруашылығы-экология талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін сүрек құлатуға, сүйретуге, тиеуге және тасып әкетуге арналған техника мен жабдықтардың болуы;

2) ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларында көзделген өрт жабдықтары мен өрт сөндіру құралдарының болуы;

3) мамандығы бойынша (ағаш дайындау, орман ісі инженері, ағаш өндеу, орман шаруашылығы) жоғары кәсіптік білімі немесе тиісті орта кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар жауапты орындаушы – инженер-техник қызметкердің болуы;

4) ағаш құлату, бұтак шабу, сүрек сүйреу, тиеу және тасып әкету жұмыстарын жүргізуге машиналардың болуы;

5) еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына жауапты маманның болуы;

6) іс-шараларды қаржыландыру көздері көрсетілген сүрек дайындау мен өндеуді ұйымдастыру жөніндегі перспективалық бес жылдық жоспардың болуы.

3. Орман ресурстарын сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берген жағдайда, орман пайдалануышыға мемлекеттік орман қоры участекінде сүрек ресурстары орман орналастыру материалдарына сәйкес сүрек ресурстарын ұдайы және сарқылмайтындай етіп пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, бірақ орманшылық алаңынан аспайтындағы етіп беріледі.

4. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру сол аумақта тұратын халықтың мұдделері ескеріле отырып, жария жүзеге асырылуға тиіс.

5. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, пайдаланылмаған орман ресурстары шарт мерзімі өткен соң орман пайдалануышының меншігіне ауыспауға тиіс.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

32-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптары

Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында мынадай талаптар:

1) орман телімдері мен орман орамдарының нөмірлері көрсетіліп, орман пайдалану жүзеге асырылатын мемлекеттік орман қоры участекінің орман орналастырудың картографиялық материалдарынан алынған көшірме түріндегі шекаралары;

- 2) мемлекеттік орман қоры участекесінің алаңы және мөлшерлеу көрсеткіштері;
 - 3) орман пайдалану түрлері;
 - 4) орман пайдаланудың көлемі (мөлшері);
 - 5) орман пайдалану мерзімі;
- 5-1) орман ресурстарын игеру және ұтымды пайдалану, тендер жеңімпазының конкурстық өтінімінде көрсетілген ормандарды құзету, қорғау және молықтыру, орман ресурстарын өндіру жөніндегі іс-шараларды инвестициялау;
- 6) орман пайдалану төлемақысының мөлшері мен оны енгізу тәртібі;
 - 7) тараптардың орман ресурстарын құзету, қорғау және молықтыру жөніндегі міндеттері;
 - 8) тараптардың шарт талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы;
 - 9) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
 - 10) күші жойылды - ҚР 2012.01.12 N 538-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
 - 10-1) сәйкестендіру нөмірі;
 - 11) Қазақстан Республикасының орман заңдарында көзделген және тараптардың қалауымен анықталған өзге деталаптар көрсетіледі.
- Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.12 № 224(2012.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.
- 33-бап. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының нысаны және оларды мемлекеттік тіркеу**
- Ескерту. 33-бап алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
- 34-бап. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану**
1. Мемлекеттік орман қоры участекелеріндегі орман ресурстары қысқа мерзімді орман пайдалануға:
 - 1) мемлекеттік орман иеленушілер беретін орман билеті негізінде бір жылға дейінгі мерзімге;
 - 2) мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдалануши арасында жасалатын қысқа мерзімді орман пайдалану шарты негізінде бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге беріледі.
 2. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланудың мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:
 - 1) жанама орман пайдалану;

- 2) мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану;
- 3) мемлекеттік орман қоры участекерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану;
- 4) қосалқы сұрек ресурстарын дайындау.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
35-бап. Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу тәртібі

Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлерді өткізу тәртібін үекілетті орган белгілейді.

Мемлекеттік орман қоры участекеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендер мемлекеттік мұлік тізілімінің веб-порталын пайдалана отырып электрондық нысанда өткізіледі.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

36-бап. Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануға рұқсаттама құжаттары

1. Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

2. Ағаш кесу билетін беруге мыналар негіз болып табылады:

1) мемлекеттік орман иеленушілер үшін – осы Кодекске сәйкес мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі;

2) ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты бар орман пайдаланушылар үшін – орман мекемесі бекіткен, мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі.

3. Ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сұрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сұрек ресурстарын дайындауға және кеспеағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады.

4. Ағаш кесу билеті орман ресурстарының сандық және сапалық сипаттамасы, орманды пайдалану төлемақысы мөлшері, жұмыстар жүргізудің мерзімдері, орманды молықтыру талаптары мен ағаш кесу орындарын тазарту, дайындау технологиясына қойылатын орман шаруашылығы талаптары туралы мәліметтерді, ағаш кесу билетінің қолданылуын тоқтату шарттарын қамтиды.

5. Ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға жыл сайын, оны беру үшін негіздеме болған құжаттарда көрсетілген орман пайдалану түрлерін ғана жүзеге асыруға, белгіленген көлемде және мемлекеттік орман қорының нақты участексіне арнап беріледі

6. Шайыр және ағаш шырындарын дайындауға арналған ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға сөл ағызудың бүкіл мерзіміне беріледі.

7. Мемлекеттік орман иеленуші басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді және басқа да мақсаттарда ағаш кесуді, жанама орман пайдалануды жүргізген кезде ағаш кесу билеті және (немесе) орман билеті орманшылық басшысына, ал орманшылық болмаған жағдайда - аталған ағаш кесу мен орман пайдалануды жүргізуге жауапты лауазымды адамға жазылады.

8. Орман билеті жанама орман пайдалануды жүзеге асыруға, қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға, мемлекеттік орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

9. Ағаш кесу билетінің және орман билетінің нысанын, оларды есепке алуудың, сақтаудың, толтыру мен берудің тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

10. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттама құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.07.07 № 176, 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Орман пайдаланушылардың мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі құқықтары

1. Орман пайдаланушылардың:

1) мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалануды рұқсаттама құжаттарында көрсетілген көлемде жүзеге асыруға;

2) өздеріне орман пайдалануда берілген орман ресурстары туралы ақпарат алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман пайдалану мерзіміне құрылыштар мен ғимараттар, сүрек сақтау қоймаларын салуға, ағаш таситын жолдар тартуға, сүректі және мемлекеттік орман қоры участеклерін пайдалануға байланысты басқа да орман өнімдерін өндөу үшін жабдықтар орнатуға;

4) мемлекеттік орман қорының санаттарының өзгеруі, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою салдарынан келтірілген шығындарға өтем алуға;

5) мемлекеттік орман қоры участеклерінде сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман иеленушімен келісу бойынша ағаш кесудің барлық түрін жүргізуге, орман питомниктері мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді орналастыруға құқығы бар.

1-1. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығын жүзеге асыруы кезінде өздерінің міндеттерін тиісті дәрежеде орындаған орман пайдаланушылар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында өзгеше белгіленбесе, шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұлғалардың алдында басқа да тең жағдайларда жаңа мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын жасауға басымдық құқыққа ие болады

2. Орман пайдаланушылардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 37-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Орман пайдаланушылардың мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі міндеттері

Орман пайдаланушылар:

1) ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының талаптарын, сондай-ақ ағаш кесу билетінде, орман билетінде айқындалған талаптарды сақтауға;

2) тұрғын халықтың денсаулығына зиян келтіруіне жол бермеуге;

3) жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молайтылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи обьектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олар тіршілік ететін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

4) сүрек дайындаған кезде орманды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстануға;

5) мемлекеттік орман қорының өздеріне орман пайдалану үшін бөлініп берілген участеклерінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға, өз қаражаты есебінен орман өрттерінің алдын алу іс-шараларын жүргізуге; орман өрті туындаған жағдайда ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында көзделген шекарада оны сөндіруді жүзеге асыруға ; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорының басқа да участеклерінде орман өрттерін сөндіруге қатысуға;

6) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман иеленушілермен келісе отырып өртке қарсы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оларды белгіленген мерзімдерде өз қаражаты есебінен жүзеге асыруға;

7) мемлекеттік орман қоры аумағында өздері сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар мен жұмыстарды өткізетін жерлерде уәкілетті орган бекіткен нормаларға сәйкес өрт сөндіру құралдары болуына;

8) ағашы кесілетін жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаш сүректерін қалдырмауға;

9) кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес тазартуға;

10) мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөлінген участеклерінде заңсыз ағаш кесуге және Қазақстан Республикасының орман заңдарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумактар саласындағы заңдарын өзге де бұзушылықтарға жол бермеуге;

11) мемлекеттік орман қоры участеклерінде жұмыс аяқталғаннан кейін оларды мемлекеттік орман иеленушілерге тапсыруға;

12) мемлекеттік орман қоры участеклерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кескен кезде орман орналастыру жобасына сәйкес қылқан жапырақты және қатты жапырақты тұқымдастар үшін ағаш кесілген алаңның екі еселенген мөлшеріне, жұмсақ жапырақты тұқымдастар үшін ағаш кесілген алаңның бір еселенген мөлшеріне тең алаңда үш жыл ішінде ормандарды молықтыруды жүзеге асыруға;

12-1) мемлекеттік орман иеленушіде: орман дақылдары қоры; орман пайдалануышыга мемлекеттік орман қоры аумағында қосымша участек беру мүмкіндігі болмаған жағдайларда жергілікті бюджетке орман көмкерген алқапқа ауыстырғанға дейін орман дақылдарын отырғызу мен өсіру құнының мөлшерінде төлемақы енгізуге міндетті. Орман дақылдарын отырғызу мен өсіру үшін төлемақы орман иеленуші әзірлеген технологиялық-есеп картасымен айқындалады;

13) ағашы кесілген жерлерде және өздерінің қызметі салдарынан өскіндер жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері құрып кеткен алаңдарда ормандарды молықтыруды өз есебінен жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы шеккен шығындар мен шығасыны өтеуге;

15) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен орманды пайдаланудың төлемақысын уақтылы енгізуге;

16) ормандардың санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді (бұдан әрі - ормандардағы санитарлық ережелер) сақтауға;

17) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры участеклерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру

кезінде орман иеленушіге орман зиянкестерімен және ауруларымен күресті үйымдастыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ оған мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөліп берілген участеклерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болуы туралы оған уақытылы хабарлауға;

17-1) орман пайдалануға берілген участеклерде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарына сәйкес орман қорының жер участеклерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге;

18) алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) өзге орман пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;

20) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен уәкілетті органның ведомствосына, аумақтық бөлімшелерге, облыстардың жергілікті атқарушы органдары мен мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға орман қорын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу үшін қажетті ақпаратты беріп тұруға;

20-1) алып тасталды - ҚР 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Ескерту. 38-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2007.01.09 № 213, 2010.03.19 № 258-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

39-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығын тоқтата тұру мен шектеу негіздері

1. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығы:

1) орман пайдалануши Қазақстан Республикасы орман зандарының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандарының талаптарын бұзған;

2) орман пайдалануши ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының, ағаш кесу билетінің, орман билетінің талаптарын орындаамаған жағдайларда тоқтатыла тұрады.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығы:

1) мемлекеттік орман қорының орман пайдалану жүзеге асырылатын участекелерінде орман ресурстарының жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың басталуы нәтижесінде олардың қоры азайған;

2) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар өткізілетін жағдайларда, сондай-ақ орманды өрт қаупі жоғары болатын кезеңде шектеледі.

3. Егер орман пайдалану құқығының шектелуін не тоқтатыла тұруын тудырған мән-жайлар немесе жағдайлар жойылса, орман пайдалану құқығы толық қөлемінде қалпына келтіріледі.

4. Орман пайдаланушы орман пайдалану құқығын шектеу туралы немесе тоқтата тұру туралы шешіммен келіспеген жағдайда, оның бұл шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

5. Орман пайдалану құқығын шектеу немесе тоқтата тұру орман пайдаланушыларды Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және өзге де жауапкершіліктен босатпайды.

Ескерту. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

40-бап. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман пайдалану құқығын тоқтату негіздері

1. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман пайдалану құқығы:

1) орман пайдаланушы орман пайдалану құқығынан ерікті түрде бас тартқан;

2) орман пайдалану мерзімі өткен;

3) орман пайдаланушы заңды тұлға таратылған;

4) орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген қағидаларын немесе ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды жүйелі түрде (күнтізбелік жыл ішінде екі және одан да көп рет) бұзған;

5) мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда;

6) орман пайдалану төлемақысын енгізу дің белгіленген мерзімін үнемі (күнтізбелік жыл ішінде екі және одан да көп рет) бұзған немесе төлемақыны белгіленген мерзімнен кейінгі үш ай ішінде енгізбеген;

7) мемлекеттік орман қоры жері мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығын тоқтату орман пайдаланушыларды Қазақстан Республикасының орман зандарын бұзғаны үшін әкімшілік және өзгедей жауапкершіліктен босатпайды.

Ескерту. 40-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

41-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығын тоқтату тәртібі

Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығы:

- 1) ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының бұзылуы;
- 2) орман пайдаланушының жазбаша өтініші;
- 3) ағаш кесу билеті, орман билеті қолданылуының уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тоқтатылуы негізінде тоқтатылады;
- 4) алып тасталды - КР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2007.01.12 № 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

42-бап. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуы

1. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болу тәртібі мен шарттары мемлекеттік орман қорының санатымен, ерекше қорғалатын табиғи ауماқтардың түрімен, аулақтың абаттану деңгейімен және орман пайдаланудың түрімен айқындалады.

2. Жеке тұлғалардың, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатына жатқызылған өсімдіктер дүниесі объектілерін қоспағанда, демалыс өткізу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық іс-шараларға қатысу, жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында тегін рұқсаттама құжаттарынсыз болуға құқығы бар.

3. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинауына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдының ұсынуы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.

4. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына және жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын жинауына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, халықтың денсаулығын қорғау, өрт қауіпсіздігі, жаңғақ кәсіпшілігі, орман-жеміс, орман тұқым және аңшылық шаруашылықтарын жүргізу мүддесіне орай шектеу қойылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының арнайы заңнамасында айқындалған жағдайлардан басқа кезде, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жабайы өсетін өсімдіктер мен саңырауқұлақтар түрлерін, сондай-ақ құрамында есірткі бар өсімдіктер мен құрамында есірткі бар табиғи шикізат жинау мен дайындауға тыбым салынады.

6. Жеке тұлғалар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ағаштар мен бұталарды сындырмауға және кеспеуге, орман ағаштарының зақымдануына, ормандардың ластануына, құмырсқа илеулерінің, құс ұяларының бұзылуына жол бермеуге, жабайы өскен тағамдық орман ресурстарын, дәрілік шикізатты олардың молықтырылуына нұқсан келмейтін мерзімде және тәсілдермен жинауға міндетті.

7. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында аң аулау және балық аулау мақсатында болуы осы Кодекспен регламенттеледі.

Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-бөлім. Орман шаруашылығын ұйымдастыру

7-тaraу. Орман шаруашылығын ұйымдастыру негіздері

43-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман шаруашылығын ұйымдастыру

1. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман шаруашылығын ұйымдастыру:
 - 1) орман орналастыру ісін жүргізуді;
 - 2) мемлекеттік орман қорын санаттарға бөлуді;
 - 3) мемлекеттік орман қорын алқаптар түрлері бойынша бөлуді;
 - 4) кесу жасын белгілеуді;
 - 5) кесу жүйесі мен орман ресурстарын молықтыру жүйесін белгілеуді;
 - 6) орман пайдалану нормаларын белгілеуді;

- 7) ормандарды күзету мен қорғау жөнінде шаралар белгілеуді;
- 8) орман селекциясы мен орман тұқым шаруашылығын жүргізуді;
- 9) ормандарды зерттеу, есепке алу, күзету, қорғау, молықтыру, орман өсіру, орман пайдалануды реттеу және Қазақстан Республикасының орман заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өзге де құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды қамтиды.

2. Мемлекеттік орман қорын тиімді күзету мен қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік орман иеліктері аумағы орманшылықтарға, орман шебері участеклеріне және орман қарау аймағына бөлінеді.

44-бап. Мемлекеттік орман қорының санаттары және орман пайдалануды шектеу режимі

1. Қазақстан Республикасындағы барлық орман су күзету, егіс-топырақ қорғау, гендік, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру және өзге де пайдалы функцияларды атқаратын қорғаныштық орман болып табылады.

2. Ормандардың атқаратын функцияларының басымдықтарына қарай мемлекеттік орман қоры:

- 1) ерекше қорғалатын орман аумақтары, оның ішінде:
мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары;
мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ормандары;
мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары;
мемлекеттік өңірлік табиғи парктер ормандары;
мемлекеттік қорық аймақтары ормандары;
табиғаттың мемлекеттік орман ескерткіштері;
орманның гендік резерваттарын қоса, ғылыми маңызы бар орман участеклері;
аса құнды орман алаптары;
жанғақ кәсіпшілігі аймақтары;
орман-жеміс екпелері;
аса биік тау ормандары;
- 2) мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулері;
- 3) қала ормандары;
- 4) елді мекендердің және емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтары;
- 5) эрозияға қарсы ормандар;
- 6) өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да су объектілері жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулері;
- 7) халықаралық және респубикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары, каналдар, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыштардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер;
- 8) халықаралық және респубикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орманды белдеулер;

9) егіс-топырақ қорғаныштық ормандар санаттарына бөлінеді.

3. Халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орманды белдеулерге жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан темір жолдарға бөлінген белдеулерге іргелес жатқан, темір жол төсемінен екі жаққа қарай бес жүз метр шегіндегі орман және халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарына бөлінген белдеулерге іргелес жатқан, жолдың ортасынан екі жаққа қарай екі жүз метр шегіндегі орман жатады.

4. Мемлекеттік орман қоры санаттарында орман пайдалануды шектеудің мынадай режимдері белгіленеді:

1) қорық режимі - осы Кодексте айтылған жағдайларды қоспағанда, орман пайдаланудың барлық түрлеріне, оның ішінде ағаштарды кесуге тыйым салынады;

2) тапсырыс режимі - басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге (ағаш кесудің өзге түрлері осы Кодексте айтылған жағдайларда ғана жүргізілуі мүмкін), шайыр мен ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға, шөп шабу мен мал жаюға тыйым салынады;

3) шектеулі шаруашылық қызметінің режимі - жапырақты сүрекдіңдерді қоспағанда, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге (ағаш кесудің өзге де түрлері осы Кодексте айтылған жағдайларда ғана жүргізілуі мүмкін), шайыр мен ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға тыйым салынады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

45-бап. Мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу, бір санаттан екінші санатқа ауыстыру, сондай-ақ ерекше қорғаныштық участкерлерді бөлу

1. Мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу, бір санаттан екінші санатқа ауыстыру, сондай-ақ орман пайдалануға тыйым салынатын немесе ол шектелетін ерекше қорғаныштық участкерлерге бөлінуі мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде орман орналастыру материалдары және (немесе) арнайы зерттеулер негізінде оның экологиялық және әлеуметтік-экономикалық маңызына қарай жүргізіледі.

2. Мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызуды, сондай-ақ бір санаттан екінші санатқа ауыстыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізеді.

3. Мемлекеттік орман қорында, осы Кодекстің 44-бабы 2-тармағының 1) - 5) тармақшаларында көрсетілген санаттарды қоспағанда, орман пайдаланудың шектеулі режимімен ерекше қорғаныштық участкерлер бөлінуі мүмкін.

Ерекше қорғаныштық участкер басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ережелеріне сәйкес орман орналастыру немесе арнайы зерттеулер кезінде бөлінеді.

46-бап. Мемлекеттік орман қоры участкерінде кесу жасын белгілеу

1. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде кесу жасы ормандардың маңызы мен өнімділігі, олардың атқаратын функциялары, ағаш және бұта тұқымдастарының биологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ сүректің мақсатты пайдаланылуы негізге алына отырып айқындалады.

2. Кесу жасын негіздеу орман орналастыру кезінде немесе ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша жүргізіледі.

3. Кесу жасын бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

47-бап. Мемлекеттік орман қоры участекелеріндегі есепті кеспеағаш аймағы

1. Мемлекеттік орман қоры участекелеріндегі есепті кеспе ағаш аймағы - басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәртібімен сүрек дайындаудың орман орналастыру кезінде орманды үздіксіз және сарқылмайтындей етіп пайдалану принципі негізге алына отырып, әрбір мемлекеттік орман иелігі бойынша тексеру кезеңіне белгіленетін жыл сайынғы нормасы.

Республиканың бүкіл аумағы және оның жекелеген облысының аумағы үшін есепті кеспеағаш аймағы жекелеген мемлекеттік орман иеліктерінің есепті кеспеағаш аймағының жиынтығы ретінде айқындалады.

2. Мемлекеттік орман қоры участекелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын мемлекеттік орман иеленушінің орман орналастыру жобасының құрамында уәкілетті орган бекітеді.

3. Мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман ресурстары сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген жағдайда, есепті кеспеағаш аймағы осы участекелер үшін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен белгіленеді.

4. Мемлекеттік орман қорының шекарасы мен жай-күйі, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу жасы, мемлекеттік орман қорының қорғаныштық санаты өзгерген кезде есепті кеспеағаш аймағына өзгерістер енгізіледі.

Мемлекеттік орман қоры участекесінде өзгертілген есепті кеспеағаш аймағын бекітуді мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

48-бап. Мемлекеттік орман қоры алқаптарының түрлері

Мемлекеттік орман қорының құрамы:

1) орман алқаптарына (орманды алқаптар; орманның жинақталмаған ағаштары; арнайы мақсаттағы плантациялар, орман питомниктері, сондай-ақ ағаш өспеген алқаптар - ағашы кесілген, өртең, алаңқай, селдір ормандар);

2) ағаш өспеген алқаптарға (ауыл шаруашылығы алқаптары, жолдар, орманның шаршы соқпақтары, өртке қарсы жыртылған жерлер, усадьбалар, сулар, батпақтар,

мұздақтар, құмайт жерлер және мемлекеттік орман қоры құрамындағы басқа да алқаптар.

49-бап. Орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты мақсаттарда пайдалану үшін мемлекеттік орман қорындағы орман алқаптарын ағаш өспеген алқаптарға айналдыру

1. Орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты мақсаттарда пайдалану үшін мемлекеттік орман қорындағы орман алқаптарын ағаш өспеген алқаптарға айналдыруды орман орналастыру немесе арнайы зерттеулер материалдары негізінде аумақтық бөлімше жүргізеді.

Алаңқай жерлер топырақ зерттеу және орман орналастыру материалдары бойынша орман өсіруге жарамсыз деп танылған жағдайларда ағаш өспеген алқаптарға айналдырылуы мүмкін.

2. Аумақтық бөлімшениң орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты мақсаттарда орманды алқаптарды ағаш өспеген алқаптарға айналдыру туралы шешімінде участкениң орналасқан жері, оның көлемі, ағаш өспеген алқапқа айналдыруды жүзеге асырудың мақсаты мен мерзімі, атқаруға рұқсат етілген жұмыстардың тізбесі, ағаш өспеген алқапқа айналдыру мерзімі аяқталғаннан кейінгі осы участкені жаңғырту жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

50-бап. Мемлекеттік орман қорындағы ағаш өспеген алқаптарды орманды алқаптарға айналдыру

Мемлекеттік орман қорындағы ағаш өспеген алқаптарды орманды алқаптарға айналдыруды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік орман иеленуші жүргізеді.

51-бап. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алыш қою

1. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыруды және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алыш қоюды Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

1-1. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыруға айрықша жағдайларда орман орналастыру және жерге орналастыру материалдары негізінде Қазақстан Республикасының орман және жер заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде және:

- 1) ерекше қорғалатын табиги аумақтарды құруға және кеңейтуге;
- 2) халықаралық міндеттемелерді орындауға;

3) кен орны участкесінің астынан пайдалы қазбалар табылып, оларды игерудің баламалы нұсқалары болмауына;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаның қолданысы 31.12.2025 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакцияда қолданыста болады – КР 06.04.2024 № 71-VIII Заңымен.

4) халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары мен теміржолдарды, электр беру желілерін, байланыс желілерін және магистральдық құбыржолдарды салуға;

5) елді мекендердің шекарасы (шегі) өзгеріп, оларды ықтимал орналастырудың басқа нұсқалары болмауына;

6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының объектілері мен қорғаныс мұқтаждарына арналған объектілерді жайластыруға;

7) ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылышжайларын орналастырудың мүмкін болатын басқа нұсқалары болмаған кезде осындай құрылышжайларды салуға және олардың жұмыс істеуіне байланысты ғана жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда орман қорының жері ауыстырылған кезде пайдасына участке ауыстырылатын тұлғалар ауыстырылатын участке алаңының екі еселенген мөлшерінде орман дақылдарын өтемдік отырғызууды және мемлекеттік орман қорының құрамына ауыстыру үшін мемлекеттік орман иеленушіге өтемақы тәртібімен тиісті жергілікті атқарушы органдар берген жер участкелерінде оларды отырғызғаннан кейін алғашқы үш жыл бойы орман дақылдарына күтім жасауды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырған және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтаждығы үшін алып қойған кезде, көрсетілген ауыстыруды және (немесе) алып қоюды өз мүддесі үшін жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасылар мен шығындардың орнын толтырады.

3. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырған және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қойған кезде осы жерлердегі екпелерді сақтау немесе кесу туралы және кесілген жағдайда алынатын сүректі пайдалану туралы мәселе бір мезгілде шешіледі.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-

VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-1-бап. Басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне ауыстыру

1. Басқа санаттардағы жерде табиғи өсіп шығатын екпелер орман қорының құрамына енгізілуге жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген екпелерді анықтауды, құжаттаманы ресімдеуді және оны уәкілетті органға ұсынуды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

3. Басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне ауыстыру Қазақстан Республикасының жер заннамасына және осы Кодекске сәйкес уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тaraу 51-1-баппен толықтырылды - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

52-бап. Жекеше орман қоры жерінің мақсатты пайдаланылуын өзгерту

Жекеше орман қоры жерінің мақсатты пайдаланылуын өзгерту Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүргізіледі.

53-бап. Ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына әсер ететін объектілер салынатын орындарды келіс

1. Ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына әсер ететін объектілер салынатын орындар санитариялық-эпидемиологиялық сараптама міндепті түрде жүргізіле отырып, уәкілетті органмен келісіледі.

2. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді орналастырған, жобалаған, салған және пайдалануға берген кезде, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне әсер ететін жаңа технологиялық процестерді енгізген кезде ормандарды ақаба судың, өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық шығарындылардың, қалдықтардың және төгінділердің жағымсыз әсерінен сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар көзделіп, жүзеге асырылуға тиіс.

3. Ормандардың жай-күйіне зиянды әсерді болдырмайтын құрылғылармен қамтамасыз етілмеген кәсіпорындарды, цехтарды, көлік жолдары мен басқа да объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

54-бап. Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақта өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Мемлекеттік орман қорында құрылыш жұмыстарын жүргізу, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау, егер бұл үшін мемлекеттік орман қорының жерін басқа жер санаттарына аудиостыру және (немесе) оларды алып қою қажет болмаса, тиісті экологиялық рұқсат не мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы болған кезде уәкілдегі органмен келісу бойынша облыстың жергілікті атқарушы органдың шешімі негізінде жүзеге асырылады.

1-1. Мемлекеттік орман қоры жерінде уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру оны басқа санаттардағы жерге аудиостырмай, уәкілдегі орган айқындаған тәртіппен, бұлғын жер участкерін кейіннен рекультивациялай отырып және оларды орман иеленушіге бере отырып жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік орман қоры участкерін уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру үшін пайдаланған кезде жер қойнауын игерудің алғашқы үш жылы бойы пайдаланылатын участкенің екі есе мөлшерінде орман екпелерін өтемдік отырғызууды және орман айналған алаңға аудиостырылғанға дейін оларды күтіп-ұстауды жүргізуге міндетті.

2. Облыстың жергілікті атқарушы органдың шешімінде жүргізілетін жұмыстардың атауы, оларды орындау мерзімдері мен шарттары, қоршаган органды қорғау жөніндегі экологиялық талаптар, жер участкерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімдері көрсетіледі.

Ескерту. 54-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-бөлім. Орман орналастыру, орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры және мемлекеттік орман мониторингі

8-тaraу. Орман орналастыру

55-бап. Орман орналастыру

1. Орман орналастыру орман шаруашылығын жүргізудің тиімділігін арттыруға, орман шаруашылығында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға, орман қорының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Орман орналастыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорының шекарасын және мемлекеттік орман иеліктерінің шаруашылықшілік

ұйымдастырылуын айқындау, оның ішінде орманшылықтарға, орман шеберінің участеклеріне және орман қарау аймағына бөлу;

2) топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындау мен мемлекеттік орман қорын арнайы картага түсіру;

3) ормандардың тұқымдық және жас құрамын, олардың жай-күйін анықтай отырып, орман қорын түгендеу, сондай-ақ орман ресурстарының сапалық және сандық сипаттамаларын анықтау;

4) мемлекеттік табиғат-қорық қоры объектілерін, орманның аса сирек кездесетін өсімдіктерін және ерекше қорғаныштық участеклерді анықтау;

5) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық пайдалану мақсатында ағаш кесу, өзгедей мақсатта ағаш кесу, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, суландыру, күзету мен қорғау жөніндегі іс-шараларды және басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу үшін мемлекеттік орман қоры участеклерін анықтау, сондай-ақ оларды жүргізуудің тәртібі мен тәсілдерін анықтау;

6) мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызуды негіздеу, мемлекеттік орман қорын бір санаттан екінші санатқа ауыстыру, ағаш өспеген алқаптарды орманды алқаптарға айналдыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры участеклерін алқаптар түріне жатқызу және оларды негіздеу;

7) мемлекеттік орман қоры участеклерінде есепті кеспеағаштарды, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мөлшерін, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу жасын анықтау;

8) мемлекеттік орман қоры участеклерінде ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман тұқым шаруашылығы, ормандарды күзету мен қорғау жөніндегі іс-шаралардың, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларының қолемін анықтау;

8-1) артықшылығы бар, қалыпты және кемістігі бар екпелерді қоса алғанда, орман екпелерін селекциялық тұрғыдан бағалау;

9) жанама орман пайдалану мен қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, мемлекеттік орман қоры участеклерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану мөлшерін айқындау;

9-1) орман шаруашылығын жүргізуге кешенді баға беру кезінде өткен тексеру кезеңі ішінде орман қоры аумағында өрттен және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды айқындау;

10) орманды биологиялық зерттеулер;

11) орман орналастыру жобаларын жүзеге асыруды авторлық қадағалау;

12) орман шаруашылығын жүргізуудің негізгі ережелерін әзірлеу және облыстар бойынша орман орналастырудың жиынтық жобаларын жасау жүзеге асырылады.

13) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Орман ресурстарын есепке алуға, орман қорының аумақтық құрылымына, оның ішінде мемлекеттік орман қорының шекараларын белгілеуге, ормандардың мемлекеттік мониторингіне, орман шаруашылығын жүргізу ді жоспарлауға және орман пайдалануға байланысты орман орналастыру мемлекеттік монополияға жатады және оны мемлекеттік орман орналастыру үйімі жүзеге асырады.

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткіzetін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілейді.

3. Орман орналастыру материалдары мемлекеттік орман қоры жерінің шекарасын белгілейтін және нақтылайтын кезде, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылады.

Ескерту. 55-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарамен.

56-бап. Орман орналастыруды жүргізу жүйесі

1. Орман орналастыру уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу қафидаларына, сондай-ақ нұсқаулығына сәйкес бірыңғай жүйе бойынша орындалады.

2. Мемлекеттік орман қоры аумағына орман орналастыруды уәкілетті органның құзырындағы мемлекеттік орман орналастыру үйімдары аэрофототүсірілімі мен ғарыш түсірілімінің материалдарын қолдана отырып жүргізеді.

3. Бастапқы орман орналастыруды жүргізбей және осы Кодексте айқындалған тәртіппен бекітілген орман орналастыру құжаттамасынсыз мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануға тыйым салынады.

4. Мемлекеттік орман иелігі аумағында ревизиялық кезең аяқталған және орман орналастырудың жаңа құжаттамасы қолданысқа енгізілгенге дейін:

1) өртке қарсы іс-шаралар ревизиялық кезеңнің соңғы жылына белгіленген көлемдерде орындалады;

2) ағашты санитариялық мақсатта кесуді қоса алғанда, орман қорғау іс-шаралары ормандардың санитариялық жай-қүйіне қарай, мемлекеттік орман иеленушілер немесе уәкілетті органның мамандандырылған үйімдары жүргізетін орман-патологиялық зерттең-қараулардың материалдары бойынша айқындалатын көлемдерде жүзеге асырылады;

3) ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі іс-шаралар орман дақылдары қорының болуына қарай, ревизиялық кезеңнің соңғы жылына белгіленген көлемдерде, бірінші кезекте, ағаш кесілген жерлер мен өртендерде орындалады;

4) орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу өспей қалған немесе ағаштардың басты тұқымдыларының өсуіне кедергі келтіретін ағаштарды кесіп тастауды қажет ететін екпелердің болуына қарай, ревизиялық кезеңнің соңғы жылына белгіленген көлемдерде орындалады;

5) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу есепті кеспеағаш аймағының орман орналастыру жобасында белгіленген шекте уәкілетті орган бекіткен жыл сайынғы кеспеағаш аймағы қоры мөлшерінде жүргізіледі. Бір жыл бойы есепті кеспеағаш аймағына осы Кодексте айқындалған тәртіппен өзгерістер енгізіледі;

6) орман пайдаланудың осы бөліктің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген қалған түрлері осы Кодексте айқындалған тәртіппен ревизиялық кезеңнің соңғы жылына белгіленген көлемдерде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман иеленушілер мемлекеттік орман қоры участкелерінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар мен орман пайдалану туралы деректерді бұрынғы орман орналастыру материалдарына енгізуге міндетті.

Ескерту. 56-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

57-бап. Мемлекеттік орман иеліктерінің орман орналастыру жобалары

1. Мемлекеттік орман қорында орман орналастыру кезінде орман орналастыру жобалары жасалады, оларда өткен тексеру кезеңі ішінде орман шаруашылығын жүргізу мен мемлекеттік орман қорын пайдалануға кешенді баға беріледі, орман шаруашылығы іс-шаралары жоспарланады және орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізу дің келесі тексеру кезеңіне арналған негізгі ережелері әзірленеді.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен мемлекеттік орман иеліктерінің орман орналастыру жобалары мен орман орналастырудың басқа да құжаттарын уәкілетті орган бекітеді және олар орман шаруашылығын жүргізу, оның ағымдағы және болашақтағы дамуын жоспарлау үшін міндетті нормативтік актілер болып табылады.

3. Орман орналастыру жобалары орман орналастыру жұмыстары аяқталғаннан кейінгі жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

58-бап. Орман қоры туралы ақпарат

1. Орман қоры туралы ақпарат орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі, орман орналастыру деректерін және

уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік орман орналастыру үйымдары алған өзге де деректерді қамтиды.

2. Орман қоры туралы ақпарат мемлекеттік меншік болып табылады, оны жеке және занды тұлғалардың пайдалану тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындайды.

Ескерту. 58-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-тaraу. Орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры және мемлекеттік орман мониторингі

59-бап. Орман қорының мемлекеттік есебі

1. Орман қорының мемлекеттік есебі Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен орман қорының күзетілуін, қорғалуын, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруді, орманның пайдаланылуын, орман қорының сандық және сапалық өзгерістеріне жүйелі бақылау жасауды үйымдастыру және мемлекеттік органдарды, мұдделі жеке және занды тұлғаларды орман қоры туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Мемлекеттік орман қорының құрамындағы ерекше қорғалатын орман аумақтары жеке бөлінеді және есепке алынады.

Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік өнірлік табиғи парктер мен мемлекеттік табиғи резерваттар шекарасындағы мемлекеттік табиғи ескерткіштер солардың құрамында есепке алынады.

Орман қорының мемлекеттік есебінің деректері мемлекеттік орман кадастрын жүргізген кезде пайдаланылады.

2. Орман қорын мемлекеттік есепке алудың нысанын уәкілетті орган мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып бекітеді.

3. Орман қорын мемлекеттік есепке алуды уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру үйымы жүргізеді.

Ескерту. 59-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.07.07 № 176, 2010.03.19 № 258-IV, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

60-бап. Мемлекеттік орман кадастры

1. Мемлекеттік орман кадастры орман қорының құқықтық режимі, оны орман иеленушілер арасында бөлу, орман қорының сандық және сапалық жай-күйі, мемлекеттік орман қорын санаттары бойынша бөлу туралы мәліметтер жүйесін және орман қорының орман шаруашылығын жүргізу мен шаруашылық қызметтің

нәтижелерін бағалау үшін қажетті басқа да экологиялық және экономикалық сипаттамалары туралы деректерді қамтиды.

1-1. Мемлекеттік орман кадастрын уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.

2. Мемлекеттік орман кадастрының деректері орман шаруашылығын мемлекеттік басқару, оны жүргізуіді ұйымдастыру, орман шаруашылығын жүргізуге және мемлекеттік орман қорын пайдалануға байланысты емес мақсаттарда орман алқаптарын ағаш өспеген алқаптарға айналдыру және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін алып қою, ормандарды пайдаланудың төлемақысы мөлшерін белгілеу, орман пайдаланушылар мен орман иеленушілердің шаруашылық қызметін бағалау кезінде пайдаланылады.

3. Мемлекеттік орман кадастры көрсеткіштерінің тізбесі мен ормандарды экономикалық бағалау әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 60-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

61-бап. Мемлекеттік орман мониторингі

Ормандардың мемлекеттік мониторингі орман қорын күзету, қорғау, пайдалану және орман өсіру, ормандардың биологиялық әралуандығы мен экологиялық функцияларын сақтау саласында мемлекеттік басқару мақсатында орман қорының жай-күйі мен серпінін байқау, бағалау және болжау, оның ішінде Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып байқау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді.

Ормандардың мемлекеттік мониторингін уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.

Ескерту. 61-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 167-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-бөлім. Ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру, орман түкым шаруашылығы

10-тaraу. Орман қорын күзету мен қорғау

62-бап. Мемлекеттік орман қорын күзету мен қорғау міндеттері

Мемлекеттік орман қорын күзету мен қорғаудың негізгі міндеттері:

1) ормандың өрттердің алдын алу, оларды дер кезінде байқап, жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

2) мемлекеттік орман қоры аумағындағы барлық жұмыс істейтін әрі сонда орналасқан ұйымдардың, сондай-ақ орманда болатын жеке тұлғалардың ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелері мен санитарлық ережелерді сақтауын қамтамасыз ету;

3) орманды заңсыз ағаш кесуден, зақымдаудан, ұрлаудан және Қазақстан Республикасының орман зандарын басқадай бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлерін күзету;

4) орман пайдаланушылардың сүрікті түбірімен босату, мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу ережелерін және орман пайдаланудың басқа да түрлері ережелерін орындаудың қамтамасыз ету;

5) орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтау, олардың есіп-көбеюін болжau және оларға қарсы куресу;

6) биотехникалық іс-шараларды жүргізу;

7) мемлекеттік орман қоры аумағында аң аулау мен балық аулау ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік орман қорының күзетілуін, қорғалуын, ормандардың молықтырылуын, ұтымды пайдаланылуын және орман есіруді қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекеттер;

9) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

10) климаттың өзгеруіне бейімделу және климаттың өзгеруіне осалдықты азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.09 № 213, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен. 63-бап. Орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру

1. Уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствоны, аумақтық бөлімшелер, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, орман иеленушілер, орман пайдаланушылар орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2. Ормандарды өрттен қорғау жөніндегі іс-шаралар уәкілетті орган бекіткен ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларымен регламенттеледі.

3. Ормандығы өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес өрт қаупі жағдайын бәсендешту мақсатында орман иелері өткізетін орман қоры аумағындағы және оған іргелес аумақтарда басқарылатын өртеуден басқа, жердің барлық санаттарында шөптесін есімдіктерді өртеуге тыйым салынады.

4. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары өрт қаупі жоғары кезенде қажет болған жағдайларда жеке

тұлғалардың орманда болуына және оған көлік құралдарымен кіруіне, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында жұмыстың белгілі бір түрлерін жүргізуге шектеу қояды.

5. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 63-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

64-бап. Орман шаруашылығы объектілеріндегі мемлекеттік өрт қадағалау

Ескерту. 64-бап алып тасталды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

65-бап. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар

1. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүргізу саласында маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

2. Ормандарды өрттерден күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орындау үшін орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүргізу саласында маманданған ұйымдар мемлекеттік метеорологиялық қызметтің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді ауа райы болжамдарымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 65-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

65-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің орман қорын күзетуге қатысуы

Мемлекеттік өртке қарсы қызметті ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібі азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның уәкілетті органмен және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасалған келісімімен регламенттеледі.

Ескерту. 10-тарау 65-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66-бап. Өртке қарсы ерікті құралымдардың орман қорын күзетуге қатысуы

Ескерту. 66-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - КР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Орман қорын өрттен күзетуге, олардың алдын алу және оларды сөндіруге өртке қарсы ерікті құралымдар қатысуға құқылы.

2. Өртке қарсы ерікті құралымдарды құру және олардың жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 66-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

67-бап. Мемлекеттік орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау

1. Мемлекеттік орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау мемлекеттік орман қорының жай-күйін жүйелі түрде қадағалап отырумен, ошақтардың пайда болуының алдын алу, оларды оқшаулау мен жою шаралары арқылы орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтаумен қамтамасыз етіледі.

2. Мемлекеттік орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау:

1) ағымдағы, экспедициялық, аэровизуальді және басқа да орман-патологиялық зерттеулер;

2) орман зиянкестері мен ауруларының өсіп-көбеюін жалпы, алдын ала және егжей-тегжейлі қадағалау;

3) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі жер бетіндегі және авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру;

4) орман зиянкестері мен ауруларының алдын алу мен оның ошақтарын жою іс-шараларын қамтиды.

2-1. Алып тасталды - КР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Мемлекеттік орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралар уәкілетті орган бекіткен ормандардағы санитариялық қағидалармен регламенттеледі.

Ескерту. 67-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

68-бап. Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз етуге қатысыу

Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз етуге қатысады.

Халық орман қорын күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы қатысады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар орман қорын күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге байланысты жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жәрдем көрсетеді.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мақсатында құрылған қоғамдық бірлестіктер ормандардың биологиялық әр алуандығын, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, мәдени және табиғи мұраны сақтау, орман ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, мектеп орманшылықтарын дамыту, өртке қарсы ерікті құралымдарды құру жөніндегі өздерінің қызметін және орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы басқа да қызметті орман мекемесімен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 68-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тaraу. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті

69-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті (бұдан әрі - мемлекеттік орман күзеті) орманды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын орман мекемелерінің қызметкерлерінен тұрады.

2. Мемлекеттік орман күзетіне өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін:

1) жеке тұлғалар мен лауазымды адамдардың мемлекеттік орман қорын пайдалануды жүзеге асыруға рұқсат беретін құжаттарын тексеру;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде хаттамалар жасау;

3) Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдар саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстаяу және оларды құқық қорғау органдарына жеткізу;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көлік құралдарын, өзге де объектілер мен орындарды тексеріп қарау, ал қажет болған кезде ұсталған адамдарды жеке қарап тексеру;

5) жеке тұлғалар мен лауазымды адамдардың заңсыз қолға түсірген орман ресурстары мен жануарлар дүниесін ресурстарын, оларды қолға түсіру құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын алып қою және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұлардың кейіннен кімге тиесілі болатыны туралы мәселені шешу құқықтары;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтар беріледі.

3. Мемлекеттік орман күзеті мемлекеттік орман қоры учаскелерінде:

1) Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдар саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмауға және оның жолын кесуге;

2) Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарды бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты, талап-арыздарды және өзге де материалдарды мемлекеттік органдарға және құқық қорғау органдарына, сотқа жіберуге;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде жазбаша нұсқаулар беруге;

4) мемлекеттік орман қоры жерлерінде, сондай-ақ орман өрті тікелей қауіп тудырған жағдайда оған іргелес аумақтарда ормандағы өрттердің алдын алу, оларды дер кезінде байқау мен сөндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

5) шаруашылық қызмет пен өзге де қызметтерді шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге міндетті.

6) алып тасталды

4. Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүргүре және қолдануға рұқсат етіледі.

5. Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз), қызметтік қарумен және арнаулы қорғаныс құралдарымен, қызметтік жер телімімен қамтамасыз етіледі.

6. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының қол күшін, арнаулы қорғаныс құралдарын және қызметтік қаруды қолдануға құқығы бар.

6-1. Тартылып отырған қүштер мен құралдарға қарамастан, мемлекеттік орман қүзетінің лауазымды адамы орман өртін сөндіру жөніндегі басшылықты жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік орман қүзетінің қызметі уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік орман қүзеті туралы ережемен айқындалады.

Ескерту. 69-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

70-бап. Мемлекеттік орман қүзетінің лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау

1. Мемлекеттік орман қүзетінің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға жатады.

2. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін мемлекеттік орман қүзетінің лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар белгіленеді.

3. Мемлекеттік орман қүзетінің лауазымды адамдарына мал жаю және шөп шабу үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жер учаскелері беріледі.

Ескерту. 70-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз).

12-тарау. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру

71-бап. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру мақсаттары

1. Ормандарды молықтыру мақсаты мемлекеттік орман қорының ағашы кесілген, өртелген және бұрын орман өскен өзге де аумақтарында орманды уақытында қалпына келтіру, ормандардың тұқымдық құрамын жақсарту, олардың өнімділігін арттыру, мемлекеттік орман қоры жерлерінің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Орман өсіру мақсаты бұрын ағаш өспеген аумақтарда екпелер отырғызу болып табылады.

72-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық әлеуеттін арттыру

Ескерту. 72-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізу ормандардың ресурстық әлеуетін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық әлеуетін арттыру ағаш кесудің ғылыми негізделген жүйесін іске асыру, ормандарды молықтыру, олардың тұқымдық құрамын жақсарту, селекциялық-генетикалық негізде тұрақты орман тұқым базасын жасау және оны тиімді пайдалану, су-орман мелиорациясы, құтіп-баптау мақсатында ағаш кесу мен санитариялық мақсатта ағаш кесуді қоса алғанда, орманды құтіп-баптау, орман шаруашылығына арнап жолдар салу, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды орман мекемелері мен орман пайдаланушылар орман орналастыру жобаларына сәйкес жүргізеді.

4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген іс-шараларды орман мекемелері және орман пайдаланушылар орманның экожүйелік қызметтері үшін ерікті журналар есебінен жүргізе алады.

Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

73-бап. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру жөніндегі іс-шаралар орман өсіру жағдайы мен экономикалық мақсатқа сәйкестігі ескеріле отырып, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталып, неғұрлым қысқа мерзімде өнімділігі жоғары және төзімді екпелер жасауды қамтамасыз ететін әдістермен жүргізілуге тиіс.

2. Мемлекеттік орман қорында ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі орман орналастыру және осы салаға маманданған басқа да жобалау-іздестіру ұйымдары әзірлеген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру мен орман өсіру және олардың сапасына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін үәкілетті орган белгілейді.

3-1. Мемлекеттік орман қорында орман дақылдарын, питомниктерді, орманның табиғи қалпына келуіне жәрдемдесу шаралары жүргізілген және табиғи өсуге қалдырылған аландарды түгендеу үәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады

4. Жекеше орман қоры жерлерінде орман өсіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу меншік иесінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 73-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.07.07 № 176, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

74-бап. Жерді орман мекемелеріне орман өсіру үшін беру

Республика аумағының оңтайлы ормандануын, өзендер, су айдындары жағалауларының жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін және басқа да қажетті жағдайларда орман мекемелеріне мемлекеттік орман қоры жерінің құрамына өзге санаттағы жерлер, бірінші кезекте ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жарамсыз (сайлар, жыралар, құмдауыттар, басқа да тозған жерлер) жерлер, сондай-ақ босалқы жерлер берілуі мүмкін.

Аталған жерлерді орман мекемелеріне беру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

75-бап. Орман флорасы мен фаунасын жерсіндіру

1. Орман биоқауымдастырылғанда өсімдіктер мен жануарлардың түрлері мен нысандарын қалпына келтіру және молықтыру жергілікті байырғы флора мен фаунаның ең жақсы тұқымдарын қайта жерсіндіру жолымен жүргізіледі.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3. Өсімдіктердің негізгі байырғы түрлеріне зиянын тигізетін өсімдіктер түрлерін жерсіндіруге тыйым салынады.

Ескерту. 75-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-тaraу. Орман тұқым шаруашылығы

76-бап. Орман тұқым шаруашылығының міндеттері

Орман тұқым шаруашылығының негізгі міндеттері орманды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстарды бағалы тұқым қуалаушылық қасиеттері бар және себу сапасы жоғары тұқымдармен қамтамасыз ету, селекциялық-гендік негізде тұрақты орман тұқым базасын қалыптастыру болып табылады.

77-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі тұрақты орман тұқым базасы

1. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі тұрақты орман тұқым базасы селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы:

- 1) орман тұқымы плантациялары;
- 2) тұрақты орман тұқым участеклері;
- 3) артықшылығы бар екпелер объектілерін қамтиды.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде тұрақты орман тұқым базасын жасау ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған тұқымдар мен отырғызу

материалдарына қажеттіліктің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-1. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер уәкілетті орган айқындаған тәртіппен анықталады, жасалады және пайдаланылады.

3. Мемлекеттік орман қоры участекерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді аттестаттау мен есепке алуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

4. Орман тұқымы плантациялары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен және осы салада маманданған жобалау-іздестіру немесе ғылыми ұйымдар әзірлеген жобалар бойынша құрылады.

Тұрақты орман тұқымы участекері осы салада маманданған жобалау-іздестіру және ғылыми ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес қалыптасады.

Ескерту. 77-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.07.07 № 176, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

78-бап. Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілер

1. Мемлекеттік орман қоры участекерінде селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді анықтау мен құру орман өсімдіктерінің гендік қорын кепілді сақтау, тұқым қуалаушылық қасиеттерін бағалау, орман тұқым шаруашылығында пайдалану үшін неғұрлым келешегі бар тұқымдар түрін іріктең алу үшін жүзеге асырылады.

2. Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерге:

- 1) артықшылығы бар ағаштар;
- 2) артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары;
- 3) географиялық дақылдар;
- 4) популяциялар мен будандардың сынақ дақылдары;
- 5) орман генетикалық резерваттары жатады.

3. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер уәкілетті орган айқындаған тәртіппен анықталады, жасалады және пайдаланылады.

3-1. Мемлекеттік орман қоры участекерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

4. Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді күзетуді мемлекеттік орман иеленушілер жүзеге асырады.

Ескерту. 78-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарамен.

79-бап. Орман тұқымын аудандастыру

1. Орман тұқымын аудандастыру ғылыми-зерттеу талдамалары негізінде белгіленеді және оны уәкілетті орган бекітеді.

2. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Орман тұқымдары мен отырғызу материалдарын орман тұқымын аудандастыру талаптарын бұза отырып егуге және пайдалануға тыйым салынады.

Ескерту. 79-бапқа өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

80-бап. Орман тұқымдарын дайындау, өндөу, сақтау, пайдалану және олардың сапасын бақылау

1. Орман тұқымдарын дайындау тұрақты орман тұқым базасы объектілерінде жүзеге асырылады, ал олар жетіспеген жағдайда қалыпты екпелерде дайындауға жол беріледі.

2. Орман тұқымдарын кемістігі бар екпелерде және кемістігі бар ағаштардан дайындауға тыйым салынады.

3. Сатуға және егу үшін пайдалануға жататын орман тұқымдарына сараптама жасауды олардың ұлттық стандарттарға, техникалық жағдайларға және орман тұқым шаруашылығы жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігі туралы құжаттар беруді уәкілетті органның маманданған ұйымдары жүзеге асырады.

4. Осы баптың 3-тармағының талаптарына сәйкестігі тексеруден өтпеген орман тұқымдарын сату мен егуге тыйым салынады.

5. Алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

14-тарау. Мемлекеттік орман қоры участелерін күзету, қорғау, пайдалану, жердің кейбір санаттарында ормандарды молықтыру мен орман өсіру ерекшеліктері

81-бап. Мемлекеттік орман қоры участелерін күзету, қорғау, пайдалану, заңды тұлға мэртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды молықтыру мен орман өсіру ерекшеліктері

Мемлекеттік орман қоры участелерін күзету, қорғау, пайдалану, заңды тұлға мэртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды молықтыру мен орман өсіру осы Кодекске және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 81-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

82-бап. Қала ормандарында орман пайдалану ерекшеліктері

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қалалық елді мекендердің шекарасы шегінде орналасқан ормандар (қала ормандары) халықтың демалысына, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да шараларды өткізуге, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтауға арналады.

2. Қала ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және осы ормандардың мақсатымен сыйыспайтын орман пайдаланудың өзге де түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

83-бап. Шекара аймақтарында мемлекеттік орман қоры участелерін пайдалану ерекшеліктері

Шекара аймақтарындағы мемлекеттік орман қоры участелерінде орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалану осы Кодексте және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

84-бап. Орман иеленушілерге және (немесе) орман пайдаланушыларға пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры участелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану ерекшеліктері

Ескерту. 84-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман иеленушілерге және (немесе) орман пайдаланушыларға ауыл және орман шаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін берілген мемлекеттік орман қоры участекелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану осы Кодекске сәйкес жүргізіледі.

2. Пайдалануына мемлекеттік орман қоры участекелері берілген орман иеленушілер және (немесе) орман пайдаланушылар осы Кодексте белгіленген тәртіппен оларда орман орналастыру жұмыстарын жүргізуге және орман қорының мемлекеттік есебін жүргізуге қатысуға міндettі.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуы мен молықтырылуына бақылауды уәкілетті органның ведомствосы, аумақтық бөлімшелер жүзеге асырады.

Ескерту. 84-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

85-бап. Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер участекелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры участекелерін күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру ерекшеліктері

1. Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер участекелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры участекелерін күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман иеленушілердің Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісінде белгіленген тәртіппен бөтен жер участекесін шектеулі мақсатта пайдалану (сервитут) құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне сәйкес, табиғи өсіп шығатын ормандарды сыртқы қолайсыз әсерлерден қорғау үшін басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер участекелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры участекелерінің шекарасын бойлай ені жиырма метр болатын күзет аймақтары белгіленеді.

Күзет аймағы шегінде мемлекеттік орман қоры участекесінің жай-күйіне кері әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынады.

86-бап. Бюджет қаражаты есебінен өсірілген агроресурс-мелиорациялық екпелерді күзету, қорғау және пайдалану ерекшеліктері

1. Бюджет қаражаты есебінен өсірілген агроресурс-мелиорациялық екпелер жерді қолайсыз табиғи құбылыстар мен антропогендік факторлардың әсерінен қорғауға арналған.

2. Бюджет қаражаты есебінен өсірілген агроорман-мелиорациялық екпелерді күзетуді, қорғауды және пайдалануды меншік иелері немесе жер пайдаланушылар өздері орналасқан жерлерде жүзеге асырады.

Бюджет қаражаты есебінен отырғызылған агроорманмелиорациялық екпелер өсіп тұрған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер сатып алынады немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға беріледі және Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісіне сәйкес жекеше орман қоры жерлеріне ауыстырылуы мүмкін.

3. Агроорман-мелиорациялық екпелердің қорғаныштық функцияларын сақтау мақсатымен орманды құтіп-баптау мақсатында кесуге, санитарлық мақсатта кесуге, бағалылығы төмен екпелерді, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалта бастаған екпелерді қайта жаңғыртуға байланысты кесуге, сондай-ақ өзге де мақсаттарда кесуге жол беріледі.

Ескерту. 86-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. № 176 Заңымен.

87-бап. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыштарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді күзету, қорғау және пайдалану ерекшеліктері

1. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыштарға бөліп берілген белдеулерде орналасқан қорғаныштық екпелер осы объектілерді қолайсыз табиғи құбылыштардан қорғауға, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, шудың әсерін азайтуға арналған.

2. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыштарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді, оларды өсіру жобаларына сәйкес орманды құтіп-баптау мақсатында кесуге, санитарлық мақсатта кесуге, бағалылығы төмен екпелерді, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалта бастаған екпелерді қайта жаңғыртумен байланысты кесуге және өзге де мақсаттарда кесуге жол беріледі.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған қорғаныштық екпелерді күзетуді, қорғауды және пайдалануды, осы Кодекске сәйкес, жер пайдаланушылар өздері орналасқан жерлерде жүзеге асырады.

7-бөлім. Орман қорын пайдалану

15-тaraу. Орман пайдалану түрлері

Ескерту. 15-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

88-бап. Мемлекеттік орман қоры участкерінде орман пайдалану түрлері

1. Мемлекеттік орман қорында орман пайдаланудың:
 - 1) сүрек дайындау;

- 2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;
- 3) қосалқы сүрек ресурстарын дайындау;
- 4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзгеде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік шөпттер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мұк, орман жамылғысы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау мен жинау);
- 5) мемлекеттік орман қоры участеклерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, сондай-ақ балық шаруашылығын жүргізу, оның ішінде мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі су объектілерінде жүргізу үшін пайдалану;
- 6) мемлекеттік орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалану;
- 7) мемлекеттік орман қоры участеклерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану;
- 8) мемлекеттік орман қоры участеклерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызыу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерін пайдалану орман ресурстарын алып қойып, сондай-ақ оларды алмай да жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік орман қоры участекі орман пайдаланудың бір немесе бірнеше түрлерін жүзеге асыру үшін бір немесе бірнеше орман пайдаланушыға берілуі мүмкін.

4. Орман пайдаланудың белгілі бір түрлерін жүзеге асырған кезде орман ресурстары мен мемлекеттік орман қоры участеклерін пайдалану ерекшеліктері осы Кодекске сәйкес уәкілетті органның актілерімен айқындалады.

Ескеरту. 88-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

89-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау

Ескерту. 89-бап алып тасталды - КР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-тaraу. Орман пайдалануды жүзеге асыру

90-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу

Мемлекеттік орман қоры участеклерінде сүрек дайындаудың мынадай түрлері:

- 1) толысқан және қураган сүрекдіндерде жүргізілетін, басты мақсатта пайдалану үшін;

2) аралық мақсатта пайдалану үшін (орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу, іріктең санитарлық мақсатта ағаш кесу және құндылығы төмен орман екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су сактау және басқа қасиеттерін жоғалтқан екпелерді қайта жаңғыруға байланысты ағаш кесу, жас шыбықтарды жекелеп кесу);

3) өзге де мақсатта пайдалану үшін (жаппай санитарлық мақсатта ағаш кесу, су тораптарының, құбырлардың, жолдардың құрылышына байланысты, орман соқпақтарын тарту, өртке қарсы жыралар жасау кезінде орман алаңдарын тазарту, өтімді үйінділерді жинау, өзге де мақсаттар үшін ағаш кесу) ағаш кесу тәртібімен жүзеге асырылады.

91-бап. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және басқа да мақсаттарда ағаш кесу кезінде мемлекеттік орман иеленушінің жергілікті халықтың сүрекке деген қажеттілігін қамтамасыз етуі

1. Жергілікті халықтың сүрекке, оның ішінде отындық сүрекке деген қажеттілігін қамтамасыз ету, одан өтінімдер болған кезде, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және басқа да мақсаттарда ағаш кесу кезінде дайындалған сүректі мемлекеттік орман иеленушінің өткізуі есебінен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген өтінімдер басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және басқа да мақсаттарда ағаш кесу, сондай-ақ кеспеағаш аймағынан тыс қоқысты жинау жүргізілгенге дейін бір ай бұрын тиісті мемлекеттік орман иеленушіге беріледі.

Ескерту. 91-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

92-бап. Мемлекеттік орман қорының жекелеген санаттарында орман пайдалануды шектеу

1. Мемлекеттік орман қорының "мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары", "табиаттың мемлекеттік орман ескерткіштері", "орманның гендік резерваттарын қоса алғандағы ғылыми маңызы бар орман учаскелері", "аса құнды орман алаптары" санаттарында, сондай-ақ қорық режиміндегі мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мен мемлекеттік өнірлік табиғи парктер аймақтарында, мемлекеттік табиғи резерваттардың қорық орталығы аймақтарында орман пайдалануды шектеудің қорық режимі белгіленеді.

2. Мемлекеттік орман қорының рекреациялық пайдалану аймақтарындағы, әкімшілік-өндірістік мақсаттағы, келушілер мен туристерге қызмет көрсетуге арналған шағын аймақтардағы "мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ормандары" және "мемлекеттік өнірлік табиғи парктер ормандары" санаттарында; мемлекеттік орман қорының бұзылған ландшафтарды қалпына келтіру аймағындағы "мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары" санатында; мемлекеттік орман қорының тапсырыс режимі аймағындағы "мемлекеттік қорық аймақтары ормандары" санатында; мемлекеттік

орман қорының "жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары", "орман-жеміс екпелері", "аса биік тау ормандары", "мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулери", "эрозияға қарсы ормандар" және "халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыштардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер", "халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орман белдеулери" санаттарында орман пайдалануды шектеудің тапсырыстық режимі белгіленеді.

3. Мемлекеттік орман қорының мынадай:

- 1) шектеулі шаруашылық қызметі аймақтарында "мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ормандары" және "мемлекеттік өнірлік табиғи парктер ормандары";
- 2) "жапырақты сүрекдіндерді қоспағанда, "өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалаулырындағы ормандардың тыйым салынған белдеулери";
- 3) шектеулі шаруашылық қызметі аймағындағы "мемлекеттік қорық аймақтары ормандары" санаттарында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленеді.

Мемлекеттік орман қорының "өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалаулырындағы ормандардың тыйым салынған белдеулери" санатында шаруашылық қызмет Қазақстан Республикасының орман және су заңнамаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

93-бап. Мемлекеттік орман қорының жекелеген санаттағы ормандарында және таудағы ормандарда ағаш кесу ерекшеліктері

1. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мемлекеттік орман қорының "егіс-топырақ қорғау ормандары" санатының толысқан және кураған сүрекдіндерінде; мемлекеттік орман қорының "өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалаулырындағы ормандардың тыйым салынған белдеулери" санатының жапырақты сүрекдіндерінде жүргізіледі.

Мемлекеттік орман қорының басқа санаттарындағы сүрекдіндерде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік орман қорының осы Кодекстің 44-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында санамаланған санаттағы ормандарында басқа мақсатта ағаш кесу, сондай-ақ құндылығы төмен және қорғаныштық, су сақтау және басқа да экологиялық функцияларын жоғалта бастаған екпелерді реконструкциялауға байланысты ағаш кесу осы Кодекске сәйкес айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Мемлекеттік орман қорының "халықаралық және республикалық жалпы маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың,

магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелері"; "халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орман белдеулері" санаттарында, сондай-ақ мемлекеттік табиғи резерваттардың орнықты даму аймақтары аумағындағы сүрекдіндерде аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және олардың жүргізілу ережелеріне сәйкес өзге де мақсаттарда ағаш кесуге жол беріледі.

3. Мемлекеттік өнірлік табиғи қорықтар ормандарында, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи парктердің және мемлекеттік қорық аймақтарының қорық режимі аймақтарында, мемлекеттік өнірлік табиғи резерваттардың, мемлекеттік табиғи қаумалдардың қорық орталығы аймақтарында, мемлекеттік орман табиғат ескерткіштерінде және орманның гендік резерваттарында орман қорғау іс-шараларын жүзеге асыру үшін қажетті санитарлық және өзге мақсаттарда ағаш кесуге ғана жол беріледі.

Аталған мақсаттарда ағаш кесу осы Кодекске сәйкес айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

4. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі таудағы ормандарда осы ормандардың қорғаныштық, эрозияға қарсы және су реттеушілік маңызы ескеріле отырып, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәсілдері қолданылады.

Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2006.07.07 № 176, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

94-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі

1. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәртібімен сүрек дайындау есепті кеспеағаш шегінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі орман орналастыру материалдары бойынша, орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің, іріктең санитариялық мақсатта ағаш кесудің, құндылығы төмен және қорғаныш функциясы жоғала бастаған екпелердің құрылымын қайта жаңғыртуға байланысты ағаш кесудің белгіленген нормаларын негізге ала отырып анықталады және осы Кодекске сәйкес айқындалған тәртіппен бекітіледі.

3. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде өзге мақсаттарда ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу жөніндегі, құрылым

объектілеріне арнап орман аландарын тазарту, орман соқпақтарын тарту және басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын орындау жөніндегі жұмыстар қолемімен анықталады және осы Кодекске сәйкес айқындалған тәртіппен бекітіледі.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

95-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі кеспеағаш қоры

1. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі кеспеағаш қоры басты мақсатта пайдалану үшін сүрек дайындауға арналған толысқан босалқы сүрекдіндерден құралады.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі кеспеағаш қорының мөлшері қылқан жапырақты, қатты жапырақты және жұмсақ жапырақты тұқымдар бойынша деректер бөліп көрсетіле отырып, мемлекеттік орман қорының санаттары бойынша жыл сайын белек белгіленеді және осы Кодекске сәйкес айқындалған тәртіппен бекітіледі.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

96-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде шайыр және ағаш шырындарын дайындау

1. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде шайыр және ағаш шырындарын дайындау толысқан және қураған сүрекдіндерде жүзеге асырылады, олар сөл арудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге арналады.

Толысқан және қураған сүрекдіндер жеткіліксіз болған кезде, сөл алу мерзімінің аяқталуына қарай кесу жасына жететін толысуға таяу сүрекдіндерден сөл алуға жол беріледі.

Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекітілген жоспарларының аталған сүрекдіндерді сөл алу үшін беруге және осы сүрекдіндерден сөл алуға тыйым салынады.

2. Екпелердің санитарлық жай-күйі күрт нашарлаған немесе өрттен зақымданған жағдайда ғана олар сөл арудан мерзімінен бұрын босатылады.

3. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде шайыр және ағаш шырындарын дайындау қағидаларын, сондай-ақ сүрекдіндерден сөл алынуы мүмкін аймақты уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 96-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

97-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындау

1. Мемлекеттік орман қоры участекерінде өнеркәсіптік өндегу және тұрғын халықтың қажетін қанағаттандыру үшін қосалқы сұрек ресурстарын дайындау орманға зиян келтірмей жүзеге асырылуға тиіс.

2. Мемлекеттік орман қоры участекерінде ағаш кесу жұмыстарын жүргізу тәртібімен кесілген ағаштардан ғана қабық және бұтақ дайындауға болады.

3. Мемлекеттік орман қоры участекерінде кураған және құлаған ағаштардан қабық дайындау мемлекеттік орман қорының бүкіл аумағында жүргізуі мүмкін.

4. Мемлекеттік орман қоры участекерінде сыпыртқыларды, сыпырғыларды және басқа да сол сияқты заттарды өру, сондай-ақ әзірлеу үшін бұтақтарды ағаш кесу ережелерімен айқындалған тәртіппен өсіп тұрған ағаштардан дайындауға жол беріледі.

98-бап. Мемлекеттік орман қоры участекерінде жанама орман пайдалануды жүзеге асыру шарттары

Мемлекеттік орман қоры участекерінде жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат дайындау мен жинау, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарталар орналастыру, бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру орманға зиян келтірмей, уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасында жанама орман пайдалану қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

Ескерту. 98-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

99-бап. Мемлекеттік орман қоры участекерінде шөп шабу және мал жаю

1. Мемлекеттік орман қорының шөп шабуга және мал жаюға болатын участекерін орман орналастыру жобаларына немесе ерекше қорғалатын табиғи аумактарды басқару жоспарларына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілер белгілейді.

Шөп шабуга және мал жаюға болатын мемлекеттік орман қорының участекерін пайдалануға Қазақстан Республикасының жайылымдар туралы заңнамасына сәйкес Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарда аталған жеке және (немесе) занды тұлғалардың артықшылықты құқығы бар.

Орман және табиғат қорғау мекемелері ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жайылымдар мен шабындықтар алып жатқан аландар мен олардан бос аландарды, олардың орналасқан жерін көрсете отырып, мемлекеттік орман қорының шөп шабу және мал жаю мүмкін болатын участекері туралы, сондай-ақ оларды пайдалану шарттары туралы мәліметтерді ағымдағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей ұсынуға міндетті.

2. Мемлекеттік орман қорына кіретін жайылымдарда бақташысыз мал жаюға шалғай, жолы қыын және халық аз қоныстанған аудандарда ерекше жағдайларда жол

беріледі. Мұндай аудандардың тізбесін облыстың жергілікті атқарушы органдының ұсынуы бойынша облыстың жергілікті өкілді органы бекітеді.

3. Сексеуіл ормандарынан басқа, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ешкі жаюға арнайы бөлініп қоршалған учаскелерде ғана жол беріледі.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларын үәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 99-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.02.2017 № 48-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2024 № 65-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

100-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажетіне пайдалану

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану орманға зиян келтірілмей жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік орман қорының аңшылық шаруашылығының қажеті үшін берілген учаскелерінде орман пайдалану және орман шаруашылығы іс-шаралары жабайы жануарлардың мекен етуіне қолайлыш орта сақталған жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

3. Ормандардағы жабайы жануарлар саны экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін шекте реттеледі.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелері аңшылық шаруашылығының қажеттері үшін жеке және занды тұлғаларға пайдалануға осы Кодексте белгіленген тәртіппен ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты негізінде беріледі.

5. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жануарлар дүниесін, оның ішінде аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін пайдалану тәртібін үәкілетті орган айқындауды.

Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

101-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарына пайдалану

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік орман иеленушілер мемлекеттік орман қоры учаскелерін осы Кодексте айқындалған тәртіппен жеке және занды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға – ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарымен, ал қысқа мерзімді орман пайдалануға қысқа мерзімді орман пайдалану шарты және рұқсат беру құжаттары негізінде береді.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін үәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 101-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

102-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану

1. Мемлекеттік орман қоры участеклері сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға – ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарымен, ал қысқа мерзімді орман пайдалануға қысқа мерзімді орман пайдалану шарты және рұқсат беру құжаттары негізінде беріледі.

2. Орман пайдаланушылар өздеріне берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ортасы мен табиғи ландшафттар қорғалған, ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері мен санитарлық ережелер сақталған жағдайда абаттандыру және халықта мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

3. Мемлекеттік орман қоры участеклерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану тәртібін үәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 102-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

102-1-бап. Мемлекеттік орман қорының участеклерін ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін пайдалану

1. Мемлекеттік орман қорының участеклері ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға шарт талаптарымен беріледі.

2. Арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қорының тек ормансыз жерлерге жататын участеклері бөлінеді.

Ескерту. 16-тaraу 102-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

102-2-бап. Орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде объектілер салу

1. Орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтажы; балық шаруашылығын жүргізу; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген

мемлекеттік орман қоры жерлерінде объектілер салу уәкілетті органмен келісілген эскизге (эскиздік жобаға) сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама бойынша жүзеге асырылады.

2. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтажы; балық шаруашылығын жүргізу; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының қолданылу мерзімі өткеннен соң орман пайдаланушының шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға артықшылықты құқығы бар.

3. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтажы; балық шаруашылығын жүргізу; жанама орман пайдалану үшін орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде құрылыш объектілерін пайдалану құқығының ауысу мәселелері ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында айқындалады.

4. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтажы; балық шаруашылығын жүргізу; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығының ауысуына қарамастаң, орман пайдаланушы құрылыш объектілерін уәкілетті органның жазбаша хабарламасына сәйкес басқа тұлғаға беру не шартта өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы участкені қалпына келтіру жөнінде іс-шаралар жүргізуге міндетті.

5. Жер участкеріндегі құрылыш объектілерін бөлшектеуді және сыртқа шығаруды орман пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның өміріне, денсаулығына және қоршаган ортаға қауіпсіз тәсілмен жүзеге асыруға тиіс.

Ескерту. 16-тарау 102-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

102-3-бап. Мемлекеттік орман қоры аумағында құрылыш процесіне қойылатын негізгі талаптар

1. Мемлекеттік орман қорында ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу үшін негіз болып табылады.

Сәулет-жоспарлау тапсырмасы белгіленген құрылыш объектісін жобалауға тапсырма жасау үшін негіз болып табылады.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктар немесе мемлекеттік табиғи резерваттар жерінде Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік ұлттық табиғи паркпен

немесе мемлекеттік табиғи резерватпен жасаған ұзак мерзімді пайдалану шарты сәulet-жоспарлау тапсырмасы мен жобалауға тапсырма алу үшін негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде объектілер құрылышының сапасына бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кесіпкерлік кодексінде және "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

4. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Ескерту. 16-тарау 102-3-баппен толықтырылды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

103-бап. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман биоқауымдастықтарының гендік қорын пайдалану

1. Мемлекеттік орман қоры участеклеріндегі орман биоқауымдастықтарының гендік қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің гендік резерваттарын, артықшылығы бар екпелер мен ағаштарды, басқа да селекциялық-гендік объектілерді қамтитын шектеулі орман пайдалану режиміндегі жеке аймақтар түрінде аумағы жағынан бөлінеді.

Аталған аймақтарды уәкілетті органның және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Орман флорасы мен фаунасының гендік қорының өсіп-өнү материалын басқа мемлекеттермен алмасу мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

3. Орман флорасы мен фаунасы гендік қорының репродуктивтік материалдарына қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 103-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-бөлім. Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман есірудің экономикалық тетігі

17-тарау. Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық принциптері мен әдістері. Мемлекеттік орман қорын пайдалану төлемақысы

104-бап. Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық принциптері мен әдістері

Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық принциптері мен әдістері:

1) мемлекеттік орман қоры участекерінде ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;

2) мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізу ді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен нормалар мен нормативтерге сәйкес қаржыландыру;

3) орман ресурстарын және ормандардың пайдалы қасиеттерін ақылы түрде пайдалану;

4) алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) Қазақстан Республикасының аумағында орманды өнірлерді ұлғайтуды ынталандыру;

6) мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік орман иеленушілердің және орман пайдаланушылардың жауапкершілігін сақтандыру болып табылады.

Ескерту. 104-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2024 № 118-VIII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

105-бап. Мемлекеттік орман қорынан орман пайдаланғаны үшін төлемақы

Ескерту. 105-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 № 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Мемлекеттік орман қорын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалану төлемақысы орман пайдаланудың Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген жекелеген түрлері үшін алынады.

3. Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалану төлемақысы ормандардың пайдалы қасиеттері, сапасы, жалпы пайдаланылатын жолдардан кеспе ағаштар аймағының қашықтығы, жер бедері және ағаш кесу түрлері ескеріле отырып белгіленеді.

4. Мемлекеттік орман қорының участекерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары, оны есептеу және оның сомаларын төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес айқындалады.

Бұл ретте, төлем ставкалары орман пайдалану түрлеріне және олардың өзгеше ерекшеліктеріне байланысты белгіленеді, олар ауданы бойынша — гектармен (га), көлемі бойынша — тығыздық текше метрімен (m^3) немесе қаланған текше метрмен (қал. m^3), саны бойынша — түйірлеп, салмағы бойынша — килограммен (кг), центнермен (ц), тоннамен (т) жас (табиғи өсу) күйімен өлшенеді.

Ескерту. 105-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 № 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

106-бап. Қазақстан Республикасы аумағының орманды өнірлерін ұлғайтуды экономикалық ынталандыру

Қазақстан Республикасы аумағының орманды өнірлерін ұлғайтуды экономикалық ынталандыру:

1) Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісіне сәйкес, босалқы жерлерден, ауыл шаруашылығында пайдалануға жарамсыз өзге де жер санаттарынан орман қорына жер беру;

2) Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес, орман өсіруді ынталандыру және арнайы мақсаттағы плантациялар, агрорман-мелиорациялық және өзге де қорғаныштық екпелер жасау;

3) республика экономикасының сүрек ресурстарына мұқтажын қамтамасыз ету мақсатында өнімі жоғары плантациялық екпелер отырғызуға ынталандыру;

4) селекциялық-гендік негізденген тұқым қуалау сапасы жақсартылған орман тұқымдарын және отырғызылатын материалдарды өндіру мен қолдануды ынталандыру ;

5) орман шаруашылығына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау және жекеше орман өсіруді дамытуды мемлекеттік қолдау;

6) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіруге, жекеше орман питомниктерін құру мен дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 106-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

107-бап. Мемлекеттік орман иеленушілер мен мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын орман пайдаланушылардың жауапкершілігін сақтандыру

1. Мемлекеттік орман иеленушілер мен мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын орман пайдаланушылардың жауапкершілігін сақтандыру мемлекеттік орман қорына, сондай-ақ үшінші адамдардың өміріне,

денсаулығы мен мұлкіне зиян келуі салдарынан шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі басталған кезде олардың мүліктік мұдделерін қорғауға бағытталған.

2. Мемлекеттік орман иеленушілер мен мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын орман пайдаланушылардың жауапкершілігін ерікті сақтандыру олардың ерік білдіруімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман иеленушілер мен мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын орман пайдаланушылардың жауапкершілігін ерікті сақтандырудың түрлері, талаптары және тәртібі сақтандыруышылар мен сақтанушылар арасындағы шарттармен айқындалады.

108-бап. Мемлекеттік орман қоры участекерінде ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау

Ескерту. 108-бап алғашқы реңімдерінде - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы реңім жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-тaraу. Орман шаруашылығын қаржыландыру

109-бап. Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру көздері

Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) алғашқы реңімдерінде көрсетілген орман мекемелерінде орман шаруашылығын жүргізуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру;
- 3) орман мекемелерінің ақылы қызметтері мен тауарлар өткізуінен түсінген қаражаты;
- 4) орман пайдаланушылардың қаражаты;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың қайырмалдықтары, ерікті жарналары, оның ішінде орманның экожүйелік қызметтері үшін қайырмалдықтары, ерікті жарналары;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 109-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы реңім жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

110-бап. Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге жұмсалатын шығыстарды бюджет қаражатынан қаржыландыру

Бюджет қаражатынан:

- 1) орман орналастыру, орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі;
- 2) ормандарды өрттен күзету, орман зиянкестерімен ауруларынан қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар;

3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру жұмыстары;

4) орман селекциясы және тұқым шаруашылығы, соның ішінде тұрақты орман тұқымы базасын қалыптастыру, орман тұқымдарын сертификаттау саласындағы жұмыстар;

5) орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының және оларға қарсы күрестің орман патологиялық мониторингін;

6) орман мен аңшылық шаруашылықтары үшін мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

7) орман пайдалануға рұқсаттама құжаттарын дайындау;

8) уәкілетті органның, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі:

ормандарды өрттен, рұқсатсыз кесуден және Қазақстан Республикасының орман заңдарын өзге де заң бұзушылықтан сақтау, орманды зиянкестер мен орман ауруларынан қорғау;

ормандарды молықтыру мен орман өсіру;

орман шаруашылығы жолдарының құрылышы және оларды күтіп-ұстау, ормандарды өртке қарсы орналастыру;

орман шаруашылығын жобалау;

күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу, санитарлық мақсатта ағаш кесу, кеспеағаш аймағын бөліп беру және оларды мөлшерлеу;

ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіруге күрделі қаржы бөлу жөніндегі іс-шараларды;

9) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіруге, жекеше орман питомниктерін құру мен дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеуді қаржыландыру жүзеге асырылады.

Ескеरту. 110-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

111-бап.

Ескерту. 111-бап алып тасталды – КР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді) Заңымен.

112-бап. Орман мекемелерінің акылы қызметтерінен түскен қаражаты

1. Орман мекемелерінің өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын мынадай тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) өткізу:

1) елді мекендерді көгалдандыру және орман тұқымдарын жинау үшін отырғызылатын материалды өсіру, жасыл, қорғаныштық, плантациялық және өзге де

екпелерді жасау, екпелерге күтім жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, оқу практикасын өткізу;

2) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді және басқа да мақсаттарда ағаш кесуді, оның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету үшін ағаш кесуді жүргізу кезінде алынған сүректі қайта өндеуден алынған тауарлар мен өнімді, сондай-ақ жанама орман пайдалану өнімін өткізу және сүректі қайта өндеу жөніндегі қызметтерді көрсету;

3) орман мекемелерінің аумақтары шегінде халықта жүк тасымалдау жөнінде көлік қызметтерін көрсету;

4) орман пайдаланушымен жасалған шартқа сәйкес сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде ормандарды молықтыруды жүзеге асыру есебінен қаражаты болуына құқылы.

1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерінен табыс алу мақсатында орман мекемелері мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысуға құқылы.

2. Орман мекемелерінің қаражатын пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Орман мекемелерінің қаражатын ормандарды күзетуге, қорғауға, молықтыруға және орман өсіруге, жанама орман пайдалануға байланысты емес мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

Ескерту. 112-бап жана редакцияда - ҚР 2006.07.07 № 176, өзгерістер енгізілді - 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2023 № 184-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

18-1-тaraу. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау

Ескерту. Кодекс 18-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

112-1-бап. Жекеше орман өсірудің мемлекеттік қолдауға жататын бағыттары

1. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын плантациялық өсіру;

2) орман питомниктерін құру және дамыту.

2. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жерлерінде де, мемлекеттік орман қоры жерлерінде де жүзеге асырылады.

112-2-бап. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау субъектілері

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіру, жекеше орман питомниктерін құру мен дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысусы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау субъектілері болып табылады.

Ескерту. 112-2-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.06.2021 № 59-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

112-3-бап. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау және оны жүзеге асыру мерзімдері

1. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіруге жұмсалатын шығыстарды өтеу (елу пайызға дейін);

2) жекеше орман питомниктерін құру және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу (елу пайызға дейін) арқылы жүзеге асырылады.

2. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау мынадай мерзімдерден аспай жүзеге асырылады:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын плантациялық өсіру – он-он бес жыл;

2) жекеше орман питомниктерін құру мен дамыту – бес-он жыл.

9-бөлім. Қазақстан Республикасының орман заңдары саласындағы заң бұзушылықтар

19-тарау. Қазақстан Республикасының орман заңдары саласындағы заң бұзушылықтар

113-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы заң бұзушылықтар

1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы заң бұзушылықтар:

1) орман қорындағы орман орналастыру мен орман шаруашылығы белгілерін жою немесе бұлдіру;

2) мемлекеттік орман қоры участекерін сатып алу-сату, сыйға тарту, кепілге беру, өз бетінше иелену мен айырбастау, сондай-ақ орманға мемлекеттік меншік құқығын бұзатын орман пайдалануды жүзеге асыру құқығын өз бетімен басқа біреуге беру;

3) мемлекеттік орман қоры участекерін тиісті рұқсатсыз тегістеу, құрылыштар салу, сүректер өндеу, қоймалар салу және басқа да мақсаттар үшін заңсыз пайдалану;

4) ағаштар мен бұталарды зақымдау, орманды, оның ішінде өрттен зақымданған орманды заңсыз кесу, орман ағаштарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы егілген не отырғызылған көшеттерді, сондай-ақ ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған аландарда өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндер мен қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау;

5) ормандарды, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпелерді отқа немесе өзге де аса қауіпті көздерге абай болмау салдарынан жою немесе зақымдау;

6) орман қорын, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпелерді қасақана жағып жіберу, өзге де жалпы қауіпті тәсілмен не зиянды заттармен, қалдықтармен, шығарындылармен немесе төгінділермен ластау салдарынан жою немесе зақымдау;

7) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарын, санитариялық қағидаларды, мемлекеттік орман қоры участеклерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларын бұзу;

8) мемлекеттік орман қоры участеклерінде кеспеағаш қорын пайдаланудың, сүрек, қосалқы сүрек ресурстарын, ағаш шырындарын дайындау мен тасып әкетудің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртібін бұзу;

9) орман қорының уақытша алынған участеклерін қайтару мерзімдерін бұзу немесе оларды нысаналы мақсатқа қарай пайдалану үшін жарамды құйге келтіру жөніндегі міндеттемелерді орындаудау;

10) орман қоры жерлеріндегі шабындықтар мен жайылымдық алқаптарды бұлдіру;

11) ормандар мен орман қоры жерлерінде өз бетінше шөп шабу мен мал жаю;

12) мемлекеттік орман қоры участеклерінде тыйым салынған немесе орман билетімен ғана жол берілетін дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізатты өз бетімен жинаудау;

13) мемлекеттік орман қорының ағашы кесілген және ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған басқа да алқаптарында ормандарды молықтырудың тәртібі мен мерзімдерін бұзу;

14) орман үшін пайдалы фаунаны жою;

15) ормандарды қурап қалуға немесе ауруға ұшырататын не оларды ластайтын ақаба сулармен, химиялық заттармен, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтармен және төгінділермен орманды бұлдіру;

16) орман қоры жерлеріндегі орман құрғататын жыраларды, кәріз жүйелері мен жолдарды жою немесе бұлдіру;

17) мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалануды рұқсаттама құжаттарында көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сай келмейтін әрекеттермен жүзеге асыру;

18) ормандардың жай-күйі мен оларды молықтыруға зиянын тигізуге әкеп соқтыратын объектілер салу мен оларды пайдалануға беру;

19) мемлекеттік орман қоры участеклерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру және таксациялау қағидаларын бұзу;

20) мемлекеттік орман қоры участекерінде сүректерді есепті кеспеағаштардан артық мөлшерде дайындау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының зандарында орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы өзге заң бұзушылықтар үшін де жауаптылық белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 113-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

114-бап. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 114-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

115-бап. Мемлекеттік орман қорынан өз бетімен иеленген аумақтарды қайтару

1. Мемлекеттік орман қорынан өз бетімен иеленген аумақтар оларды заңсыз пайдалану кезінде шыққан шығындар өтелмesten тиесілі иелеріне қайтарылады. Бұл ретте мемлекетке орман иеленуші шеккен залал өтеледі.

2. Өз бетімен тұрғызылған құрылыштарды бұзу, жерлерді нысаналы мақсатына сәйкес келтіру және орман алқаптарын қалпына келтіру заң бұзушылар есебінен жүргізіледі.

116-бап. Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін жойғаны немесе зақымдағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 6-бабы 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілгеннен басқа, орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін заңсыз жою немесе зақымдау Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 116-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-тарау. Қорытынды ережелер

117-бап. Ормандарды күзету, қорғау, молықтыру, орман өсіру мен орман пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Ормандарды күзету, қорғау, молықтыру, орман өсіру мен орман пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленген принциптерге сәйкес жүзеге асырылады.

117-1-бап. Орман шаруашылығының мамандарын құқықтық және әлеуметтік қорғау

1. Орман шаруашылығының мамандары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға жатады.

2. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін орман шаруашылығының мамандарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар белгіленеді.

3. Орман шаруашылығының мамандарына мал жаю және шөп шабу үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жер участекелері беріледі.

Ескерту. 20-тарау 117-1-баппен толықтырылды - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз).

118-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Кодекс реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) 1993 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Орман кодексі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 3, 45-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 11, 357-құжат; 2001 ж., № 3, 20-құжат; № 24, 338-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1993 жылғы 23 қаңтардағы Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 3, 46-құжат).

Қазақстан Республикасының

Президенті